



БҰҰ БАСҚОСУЫ: БЕЙБІТШІЛІККЕ ҮНДЕГЕН БАСТАМАЛАР КЕЗЕҢІ



Жаһандағы саяси көшбасшылар бас қосып, әлемдік қауымдастықтың назарында болған БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясының Жалпы дебаты мәресіне жетті. Алпауыт елдерден бастап, орта державалар да көзқарасы мен ұстанымын ашық жеткізген жиында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та сөз сөйледі. Әдеттегідей басты түйін ретінде ұйымды реформалау, сын-қатерлер, әлемдік өзгерістерге бағыт-бағдар жайы айтылды. Осы ретте басқосуда Мемлекет басшысы көтерген идеялар мен мәселелерді бағамдадық.

ҰЙЫМДЫ РЕФОРМАЛАУ – ҰДАЙЫ ӨЗЕКТІ

Жиын басталған сәттен мінбердегілердің әлемдегі саяси тұрақсыздыққа басымдық беретіні аңғарылған. Ұйымның ықпалы бәсеңдегені, халықаралық құқықтардың бұзылып жатқаны онсыз да аз айтылған емес. Сондықтан Қасым-Жомарт Тоқаев ең әуелі ұйымның позициясын нығайту бастамасын көтерді.

— Біріккен Ұлттар Ұйымы 80 жылдан бері адамзатқа төнген жаһандық сын-қатерлерді еңсеруде басты рөл атқарып келеді. Осы жылдар аралығында Ұйым біздің ұжымдық қауіпсіздік, ядролық қаруды таратпау, бейбітшілікті сақтау, өсіп-өркендеу, кедейлікті азайту, орнықты даму және адам құқығын қорғау бағытындағы ортақ күш-жігерімізді ілгерілетуге бастамашы болды. Алайда ақиқатқа тура қарауымыз керек: әлем түбегейлі өзгеріске ұшырады. Өкінішке қарай, жақсы жаққа қарай өзгерді деп айту қиын. Дәл сол себепті жер жүзіндегі миллиондаған адам Біріккен Ұлттар Ұйымына үлкен үмітпен көз тігіп отыр. Бүгінгі тарихи кездесу — әмбебап және баламасы жоқ Ұйымның іргелі қағидаттары мен мақсаттарына қаншалықты бейіл екенімізді дәлелдейтін орайлы мүмкіндік. Әйтсе де, біз көпжақты институттарға деген сенімнің дағдарысқа ұшырағанын айтпай кете алмаймыз. Халықаралық құқықты өрескел бұзу «қалыпты жағдайға» айналды. Соның салдарынан, әлемдегі тұрақтылыққа нұқсан келіп, халықтардың, саяси көшбасшылар мен мемлекеттердің бір-біріне сенімі әлсірей түсті, — деді Президент.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы өз сөзінде БҰҰ позициясының нығаюына қолғабыс ету қажет екенін атап өтті.

— Қазіргідей алмағайып кезеңде бәріміз БҰҰ позициясының нығаюына ықпал етіп, Ұйымның құбылмалы заманға бейімделуіне қолғабыс етуіміз қажет. Өзара түсіністік пен ынтымақтастық рухы соғыс өртіп тұтандырудан басым болуға тиіс. Мемлекеттер басшылары бейбітшілікке ұмтылу жолында жауапкершілік арқалайды. Қазіргі буын көшбасшыларының әрекетсіздік танытуға еш құқығы жоқ. Өйткені оның зардабын келесі ұрпақ тартады. Осы орайда Біріккен Ұлттар

Ұйымын жан-жақты реформалау толассыз талқыланатын тақырып емес, нағыз стратегиялық қажеттілік екеніне назар аударғым келеді. Бізге БҰҰ-ны реформалау жөнінде нақты ұсыныс әзірлейтін жоғары кәсіби және оны еш ойланбастан алға жылжытатын пікірлестер тобын құру қажет. Ұйым бүгінгі сын-қатерлерге және ертенгі міндеттерге сай болуы керек, — деді Президент.

Мемлекет басшысы реформаны Ұйымның Қауіпсіздік Кеңесінен бастау туралы ұстанымын жеткізді. Қазақстан бұл мәселеге көптен бері зер салып келе жатқаны белгілі. Жасырағы жоқ, БҰҰ жаһандағы теңдессіз ұйым, алмағайып кезеңдерді бастан өткерді, соғыстан қажыған елдердің басын қосты, айбарлы шағы болды, ізгілік жолында да бастамашы ретінде көрінді.

Бірақ әлем өзгерді, қазір жер бетінде 120 қактығыс ошағы бары айтылады. Бірнешеуі өте ауқымды, адамзаттың қауіпсіздігіне, экономикаға кері әсерін тигізіп отыр. Ұйымның құлдырағаны, сол сәтте басқа аймақтық бірлестіктер ықпалын арттыруға тырысып, ғаламдық тәртіп пен әділдіктің жоғала бастағаны сезілді.

— Біріккен Ұлттар Ұйымын жаңғыртуды көздейтін мұндай батыл әрекет Қауіпсіздік Кеңесін реформалаудан басталуға тиіс. Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына Азия, Африка және Латын Америкасындағы ірі елдердің өкілдері ротация тәртібімен ұсынылуы керек. Сонымен қатар Қазақстан жауапкершілігі бар орта державалардың үні БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде барынша анық естілуі қажет деп санайды. Іс жүзінде орта державалар қазірдің өзінде теңгерімді сақтауға және өзара сенімді нығайтуға үлес қосып, халықаралық қатынаста жағымды рөл атқара бастады. Ұлы державалардың бастары бірікпегенде немесе барша адамзатты алаңдататын өзекті проблемаларды шешуге қауқарсыздық танытқанда мұндай елдер БҰҰ аясында дәнекерге айналады, — деді жиында Қазақстан Президенті.

Осылай деген Қасым-Жомарт Тоқаев ХХІ ғасырда БҰҰ беделін көтеру үшін Ұйымға мүше мемлекеттер бейбітшілік пен қауіпсіздіктің іргесін бекемдейтін нақты қадамдар жасауға тиіс екенін қоса айтты. Әйтпесе, БҰҰ үнемі мәселенің салдарымен ғана күресуден көзашпайды. Ал проблеманың

түпкі себептері үсті-үстіне көбейе береді.

ҚАҚТЫҒЫСТАРҒА ҚАРСЫ КҮШ БІРІКТІРУ ҚАЖЕТ

Әлемдегі қактығыс ошақтарының саны жүзден асып кеткенін айттық. Оның ішінде, Таяу Шығыс пен Украинадағы жағдай кейінгі жылдары саяси аренаның, адамзаттың алаңына айналды. Қазақстан Президенті бұған қатысты әлемдегі қауіпсіздік архитектурасын қайта қалпына келтіру бастамасын ұсынды.

— Әлем сенімге, ашықтыққа және ортақ жауапкершілікке арқа сүйейтін жана консенсуска зәру. Мысалы, Жарғыдағы Екінші дүниежүзілік соғыстан бері келе жатқан «жау мемлекет» ережесін халықаралық қоғамдастықтың басым бөлігі ескірген деп санайды. Сондықтан Жарғыны қайта қарау мәселесін талқылайтын уақыт келді. Бүгінде біз алаңдатарлық ахуалға куә болып отырмыз: қарулануды шектейтін шарттар сақталмайды, демек стратегиялық тұрақтылықтың да іргесі сөгіле бастады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы тұста Мемлекет басшысы дәлел ретінде бірнеше статистиканы алға тартты. 2024 жылы дүние жүзінде әскерді жарактандыруға кеткен шығын рекордтық деңгейге жетіп, 2,7 трлн долларды құраған. Ал жаһандағы зорлық-зомбылықтан келген залалдың шығыны 20 трлн долларға жуықтады. Сондықтан әлемдегі қауіпсіздік архитектурасын қайта қалпына келтіру халықаралық қоғамдастық үшін ең басты басымдық болуға тиіс.

Геосаяси қактығыстар көбейген сайын ядролық қару мәселесі қайта өзекті бола бастады. Мысалы, Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейін, БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-ші сессиясында 2045 жылға қарай ядролық қарудан толық бас тартудың стратегиялық жоспарын назарға алған еді. Сарапшылар болжағандай, сол тақырыпты қайта қозғауға негіз болып отыр.

— Біз ядролық қару қолдану қауіпін күрт азайтуды, ядролық державалар арасындағы жоғары деңгейдегі диалогты қайта бастауды қолдаймыз, көпжақты әрекеттің жандануына күш салуымыз керек деп санаймыз. Кең көлемде алып қарасақ, соғысқұмарлық менталитетін түп-тамырымен жоятын күрделі жұмысқа кіріскен жөн. Бұл жүзеге асыруға болатын шаруа. Бастысы, мемлекеттердің бейбітшілік жолында қанша қаржы жұмсап отырғанын мұқият бақыласақ болғаны. Қазақстан ядролық қарусыздану және жаппай қырып-жою қаруын таратпау жөніндегі жана диалогқа дайын. Біз ядролық қаруды таратпау туралы шартты күшейтіп, ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарттың орындалуына түрткі болу үшін бейресми пікір алмасуларға мән бере аламыз, — деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Кемелұлы қауіпсіздік мәселесі әрқашан өзекті екенін мензеді. Атап айтқанда, биологиялық қауіпсіздікті сақтау үшін халықаралық қауымдастықтың тізе қосқаны керек.

— Сонымен қатар біз бұған дейін айтқан, Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру туралы ұсынымымызды жүзеге асыруға шақырамыз.

Қазақстан бейбіт тұрғындарға орасан зор залал келтіріп, жаһандық сенімге селкеу түсірген және халықаралық қауіпсіздікті әлсіреткен Украина айналасындағы дағдарысқа алаңдаулы.

Дегенмен аталған қактығысты тоқтату үшін екіжақты және халықаралық деңгейдегі дипломатиялық күш-жігерді жалғастырып, қос мемлекет ұзақмерзімді мүдделеріне сай келетін саяси икемділік көрсетуі керек, — деді Қ. Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН БЕРЕДІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Йоркке сапары аясында Франция Президенті Эммануэль Макронмен кездесіп, екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйін талқылады. Мемлекет басшысы Франция еліміздің Еуропа Одағындағы басты әрі сенімді серіктесі саналатынын атап өтті.



Президенттер осыған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтар түрлі салада, соның ішінде энергетика, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау бағыттарында айтарлықтай табысты іске асырылып жатқанына тоқталды. Мәдени-гуманитарлық байланыстар жемісті дамып келеді. Қазақстан мен Франция президенттері өзекті геосаяси мәселелер жөнінде пікір алмасты.

ФИНЛЯНДИЯ ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Финляндия Президенті Александр Стубб екіжақты және халықаралық күн тәртібіндегі мәселелерді талқылады. Қазақстан Президенті жоғары деңгейдегі жемісті саяси диалог екі ел арасындағы ынтымақтастықты арттыруда маңызды рөл атқаратынына тоқталды.



Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Финляндия басшысының Қазақстанға жасайтын алдағы сапары қос елдің сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық әлеуетін танытуға ықпал ететініне сенімді екенін айтты. Кездесуде әлемдегі қазіргі геосаяси ахуалға баса мән берілді.



АҚЫЛДЫ МАШИНА АДАМНЫҢ ОРНЫН БАСА МА?

Президент Үкіметке жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, медицина қызметінің сапасын жақсартып, көлеміне мониторинг жүргізетін жаңа жүйе қалыптастыруды шегелеп тапсырды. Осы орайда «Қазіргі медицина түбегейлі өзгеріске дайын ба?» деген орынды сұрақ туады. Ал жасанды интеллект дәрігердің орнын алмастыра ала ма?

АҚОРДА

25 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ



БҰҰ БАСҚОСУЫ: БЕЙБІТШІЛІККЕ ҮНДЕГЕН БАСТАМАЛАР КЕЗЕҢІ

(Басы 1-бетте)

Аукымды басқосуда Қазақстан Президенті ірі қақтығыстарға жекелей де тоқталып, халықаралық қауіпсіздік жөнінде сөз етті. Әсіресе, Украина айналасындағы дағдарысқа аландаулы екенін жасырмады.

— Территориялық дау-дамайды шешу ешқашан оңай болған емес. Ол келешек ұрпақтың қамы үшін екі жақтың да барынша ұстамдылық пен жауапкершілік танытуын талап етеді. Өшпенділік психологиясы қақтығысқа қатысушы тараптардың бітімге келуіне мүмкіндік қалдырмай, қай-қайсысын да құрдымға жібереді. Газадағы гуманитарлық дағдарыстың ауқымы, тіпті қорқынышты. Оған бейжай қарау мүмкін емес. Бұл қақтығыстың тарихи тамыры тым күрделі. Біз осы жауласудың түпкі себебін ескерусіз қалдыра алмаймыз. Қазақстан Әскери іс-қимылды дереу тоқтатуға, бейбіт тұрғындарды толық қорғауға және халықаралық гуманитарлық құқық аясындағы көмектің кедергісіз жетуін қамтамасыз етуге шақырады. Қазақстан Таяу Шығыстағы өңірлік бітімгерлікке бағытталған Арабтың бейбіт бастамасы, Нью-Йорк декларациясы, Ибраһим келісімі секілді дипломатиялық ұсынымдарды қолдайды. Егер көшбасшылық пен саяси ерік-жігер болса, бұл құжаттар араздықты ынтымақтастық пен ортақ игілікке айналдыруға болатынын көрсетеді. Сондай-ақ біз АҚШ Президентінің араағайындығымен Әзербайжан мен Армения қарым-қатынасының қалыпқа түскенін ерекше ықыласпен қабыл алдық. Бұл дипломатия мен парасатты шешімнің арқасында ұзақ жылға жалғасқан кез келген қақтығысты реттеуге болатынын дәлелдеді. Қазақстан осы қағидатқа сүйеніп, дауды ушықтырғаннан гөрі ди-

Әлемге тірек болып тұрған толеранттылық пен парасаттылық заң үстемдігіне арқа сүйеуі қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЖАҒАНДЫҚ ЭКОНОМИКАҒА ҮЛЕС ҚОСА АЛАДЫ

Қазір жаһандық саясат һәм экономикада Орталық Азияның, соның ішінде Қазақстанның рөлі арта бастағаны байқалады. Президент басқосу мінберінде бұл жайтты да ескерусіз қалдырмады.

— Біз жікке бөлінушілік барған сайын күшейіп, инвестиция ағынына қатысты саяси сынаржақ ұстаным белең алғанына куә болып отырмыз. Соның салдарынан, былтыр әлемдегі тікелей шетел инвестициясының көлемі 1,5 трлн долларға дейін қысқарды. Қазақстан инвестиция саласындағы халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтуді табанды түрде жақтайды. Тәуелсіздіктің 30 жылында ел экономикасына 400 млрд доллардан астам қаржы тартылды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Еуразия төрінде орналасқан Қазақстан Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 80 пайызына қызмет көрсететін логистикалық хаб ретінде шешуші рөл атқарып отырғаны да қоса айтылды. «Бір белдеу, бір жол» бастамасына, Солтүстік — Оңтүстік көлік дәлізіне және Транскаспий көлік бағытына ондаған млрд доллар инвестиция салынбақ. Қазақстан қалыптасып келе жатқан жаһандық көлік жүйесінің өзегі саналатын аймақтық жеткізу тізбегін дамытуды жалғастыра бермек. 2029 жылға дейін 5 мың шақырым жаңа теміржол салу жоспарланған. Сондай-ақ аймақтағы саяси түйтіктерді шешуде де Қазақстан билігі белсенді әрекет етіп жүр.

— БҰҰ Бас хатшысы мен Ұйымға мүше мемлекеттердің қолдауының арқасында Алматыда БҰҰ-ның Орталық Азия мен

ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ ЖЕР БЕТІНЕ ОРТАҚ

Жиын барысында Қазақстан Президенті Бас Ассамблеяға 22 сәуірді «Халықаралық жер шарын қоғалдандыру күні» деп жариялайтын қарар қабылдауды ұсынды. Себебісіз емес, қазір әлемде экологиялық ахуал күрделі, былтыр адамзат тарихындағы ең ыстық маусым болған. Бұл ретте Орталық Азияда ауа температурасы әлемдегі орташа көрсеткіштен екі есе жоғары екені айтылды.

— Былтыр адамзат тарихындағы ең ыстық маусым болды. Бұл ретте Орталық Азияда ауа температурасы әлемдегі орташа көрсеткіштен екі есе жоғары екенін айтқан абзал. Алатау мұздықтары тез ери бастады. Бұл миллиондаған халықтың су және азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Қазақстан Арал қасіретінен сабақ алды. Жоспарлы іс-әрекетіміздің арқасында, соның ішінде халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық нәтижесінде теңіздің солтүстік бөлігін сақтап қалдық. Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде еліміз бұл маңызды бағыттағы белсенді жұмысты жалғастырады. Дегенмен Каспий теңізі күннен-күнге тартылып барады. Бұл бір өңірдің ғана проблемасы емес, жаһандық деңгейде дабыл қағатын мәселеге айналды. Сондықтан аймақтағы серіктестерімізді және барша халықаралық қоғамдастықты Каспийдің су қорын сақтау үшін жедел шараларды бірлесе қабылдауға шақырамыз. Былтыр Қазақстан Франция, Сауд Арабиясы және Дүниежүзілік банкпен бірлесіп One Water саммитін өткізді. Болашақта су тапшылығын болдырмау мақсатында анағұрлым тығыз үйлестіру, инвестиция және орнықты шешім қажет. Аталған мәселені күн тәртібіне шығару үшін еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымымен және басқа халықаралық құрылымдармен серіктесе отырып, келесі жылы сәуір айында Астанада Өңірлік экологиялық саммит ұйымдастырады. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттеріміз аясында елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы жүзеге асырылып жатыр. Бұл қозғалыс тазалыққа, қоқыс жинауға және экологиялық ағартушылыққа атсалысатын миллиондаған еріктіні ортақ іске жұмылдырады. Қазақстанның бастамасымен БҰҰ 2026 жылды «Орнықты даму мақсаттары жолындағы Халықаралық еріктілер жылы» деп жариялады. Ұйымға мүше мемлекеттердің бәрін осы маңызды бастамаға қолдау білдіріп, ынтымақтастық орнатуға шақырамыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының бұл бастамасы тектен-тек емес, өйткені Арал немесе Каспийдің тартылуынан туындаған проблемалар бір ғана Орталық Азиямен шектелмейді, зардабы басқа құрлықтарға да жетеді.

Сөзсоңында Президент Қазақстанның мақсаты «үстемдік құру емес — тепе-теңдік, жіктелу емес — ынтымақтастық, соғыс емес — бейбітшілік» екенін басып айтты.

— Ел ішіндегі мемлекеттік басқару реформаларын тереңдету және шетелдегі жаһандық басқаруды қолдау — басты бағдарымыз. Біз бұл бағытты берік ұстанамыз. Біз халықаралық қоғамдастықтың басқа да мүшелерімен бірлесе отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілік, әділеттілік және ынтымақтастық шамшырағы екенін растауға дайынбыз, — деп қорытындылады.

Түйіндер болсақ, Қазақстан осы жолғы басқосуда жаһандық мәселелерге қатысты ұстанымын ашық жеткізді. Әрі Мемлекет басшысы бірнеше елдің Президентімен кездесіп, түйтіктерді талқылап, алпауыт компаниялардың елімізге келуіне ықпал ететін диалог орнатқанын байқалдық. Бұл — үлкен жетістік екені даусыз.

Мадияр ТӨЛЕУ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ АРТТЫРУҒА ӘЛЕУЕТ БАР



Президент Бельгия Премьер-министрі Барт де Вевермен жолықты.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясы аясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бельгия Корольдігінің Премьер-министрі Барт де Вевермен кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Еуропа Одағындағы маңызды серіктестерінің бірі саналатын Бельгиямен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамытуға баса мән беретінін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев Бельгия Қазақстанның ең ірі он инвесторының

қатарына кіретініне назар аударды. Былтыр екіжақты тауар айналымы жарты миллиард долларға жуықтады.

Әңгімелесу барысында экономикалық ынтымақтастықты одан әрі арттыруға зор әлеует бар екені атап өтілді. Әсіресе, аса маңызды минералдарды игеру, мұнай химиясы, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, көлік-логистика, жасанды интеллект, қаржы, туризм және білім беру салаларындағы серіктестікке мүмкіндік мол.

Барт де Вевер екіжақты күн тәртібін талқылауға уақыт тапқаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтып, Король Филиптің ізгі тілегін жеткізді.

ЕКІ ЕЛДІ ТОҒЫСТЫРҒАН ИГІ ҚАДАМДАР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясы аясында ҚХР-дың жаһандық даму және жаһандық басқару саласындағы бастамалары бойынша жоғары деңгейдегі кеңесте сөз сөйледі. Іс-шара «Жаһандық дамудың жарқын келешегін бірлесе құру, бастапқы ұмтылыстарға адалдық» тақырыбына арналды. Мемлекет басшысы аса маңызды әрі дер кезінде ұйымдастырылған жиын үшін Қытай тарапына ризашылығын білдірді.



— Біз ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің көреген басшылығы мен анағұрлым әділ, инклюзивті әрі тиімді халықаралық ынтымақтастық орнатуға бағытталған күш-жігерін жоғары бағалаймыз. Осы орайда Қазақстан геосаяси және экономикалық сын-қатерлерге жауап беретін Қытайдың жаһандық бастамасын толығымен құптады, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Орнықты даму мақсаттарына тезірек жетуге ықпал ететін Жаһандық даму бастамасына (Global Development Initiative) еліміздің қолдау көрсететінін жеткізді.

— Бұл ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Тяньцзинде өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымы саммитіндегі Қытайдың кейінгі стратегиялық ұсынысына — Жаһандық басқару бастамасына (Global Governance Initiative) сай келеді. Аталған бастама тұрлаусыз әлемге оң әсер етіп, көптеген елдің мақсат-мұратын айқын жеткізуіне көмектеседі. Осы ретте негізгі рөлді Біріккен Ұлттар Ұйымы атқаратын болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл бастама егемендік теңдігін қамтамасыз ету, халықаралық құқық үстемдігі, көпжақты институттарды нығайту, сондай-ақ адамдардың игілігі мен мүдделерін қорғауға бағытталған әлемдік тәртіптің ілгерілету секілді өзекті мәселелердің шешімін ұсынады.

— Жаһандық басқару бастамасы, ең алдымен, цифрлық технологияға, қауіпсіз киберкөлікке және ғарыш кеңістігіне әділ қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл нормативтік-құқықтық база мен жасанды интеллектті пайдаланудың этикалық стандарттарын әзірлеу тұрғысынан өте өзекті. Осы орайда Қазақстан Қытайдың Жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастық бойынша жаһандық ұйым құру жөніндегі ұсынысын қолдайды, — деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Президент Жаһандық басқару бастамасы 150-ден астам ел қосылған «Бір белдеу, бір жол» стратегиясының міндеттерімен үндес екенін жеткізді. Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық бастаманы жүзеге асыру аясындағы ынтымақтастық БҰҰ-ның негізгі мақсаттарына жетуге септігін тигізетінін атап өтті.



пломатияға жүгінуді, күш қолданғаннан гөрі диалог жүргізуді жөн деп санайды. Қазіргі геосаяси шиеленіске қарап, кейбір саясаткерлер «өркениеттер қақтығысынан қашып құтыла алмаймыз» деген пікір айтып жүр. Алайда мұндай алауыздық тағдырдың жазуы емес, олардың саяси тандауы. Ғылым, медицина, спорт, дін және мәдениет сияқты жаһандық игіліктер геосаяси бөліністің құралына айналмауға және санкция салуға себеп болмауға тиіс. Адамзат өміріндегі бұл ізгі құндылықтар бізді гуманизм идеясына біріктіреді. Саясаткерлер жауапкершіліктен жүрдай мәлімдеме жасағаннан емес дін мен болмысты саяси ұпайын түгендеу үшін бұра тартып, ағат әрекетке барғанда сенімге селкеу түсіп, бейбітшілікке ұмтылған ерік-жігер жасиды. Анығында, саяси көшбасшылық — бір-біріне күмән-күдікпен қарап, менмендік таныту емес, өзара түсіністік пен құрметтен тұрады.

Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығы ашылды. Бүгінде Орталық Азияның бірлігі мен өзара сенімі жанаша сипат алып, өңір халықаралық бейбітшілік пен прогрестің белсенді қатысушысына айналды. «Орталық Азия бестігі» ынтымақтастығын нығайтуды. Сол арқылы тату көршілік дамуға да, қауіпсіздікті күшейтуге де оң септігін тигізетінін дәлелдеп отыр. Соның арқасында біздің өңір әлемдегі негізгі серіктестерімен «Орталық Азия плюс» форматында диалог жүргізе бастады. Қазақстан Ауғанстанның инклюзивті дамуын аймақтағы ұзақмерзімді бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің кепілі деп санайды. Біз ауған халқына гуманитарлық көмек көрсетіп, сауда, азық-түлік қауіпсіздігі, инфрақұрылым және көлік тасымалы салаларындағы ықпалдастығымызды жалғастыра береміз, — деді Мемлекет басшысы.



Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Парламент Сенатының Төрағасы:

ІСКЕ КӨШЕТІН УАҚЫТ: ҚАЗАҚСТАН БҰҰ-НЫ РЕФОРМАЛАУҒА ЖӘНЕ ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ОРНАТУҒА ШАҚЫРАДЫ

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясындағы Жалпы қоғамдастыққа арнаған мазмұнды және маңызды үндеуінде қазір өзекті сын-қатерлерге назар аударып, Қазақстанның жаһандық қауіпсіздік, орнықты даму және цифрлық өзгерістер саласындағы бағдарына ерекше тоқталып өтті.

қақтығыстардың өзін парасатты шешім мен дипломатияның аркасында реттеуге болатынын атап өтті.

Президентіміз Орнықты даму мақсаттары Қазақстанның ұлттық күн тәртібіндегі басымдықтардың бірі екенін айтты. Осыған байланысты біз оларды іске асырудың тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін ОДМ-ның іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссия аясындағы жұмысымызды белсенді түрде жалғастыра береміз.

Мемлекет басшысы Жалпы дебатта экологиялық апаттардың зардаптарына да тоқталып, аймақтағы серіктестерді және барша халықаралық қоғамдастықты Каспийдің су қорын сақтау үшін жедел шараларды бірлесіп қабылдауға шақырды. Президентіміз миллиондаған еріктіні ортақ іске жұмылдырған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы туралы айтып, еліміздің бастамасымен БҰҰ 2026 жылды Орнықты даму мақсаттары жолындағы Халықаралық еріктілер жылы деп жариялағанын ерекше атап өтті. Сондай-ақ ол жаһандық экологиялық күн тәртібін одан әрі ілгерілету үшін Бас Ассамблеяға 22 сәуірді Халықаралық жер шарын көгалдандыру күні деп жариялайтын қарар қабылдауды ұсынды.

Жасанды интеллектінің қарқынды дамуы да баяндамада айтылған маңызды басымдықтардың бірі болды. Президент ЖИ адамзат прогресінің қозғаушы күші бола алатынын айтты. Сонымен бірге бұл саланың технологиялық, экономикалық және геосаяси теңсіздіктердің күшеюіне әкелетін тәуекелдері де бар екенін тілге тиек етті.

Осы орайда Мемлекет басшысы Қазақстанның БҰҰ аясында Жасанды интеллектіні басқару бойынша жаһандық диалогқа белсенді қатысуға дайын екеніне назар аударды.

Президентіміз атап өткендей, кәсіптік білім беру болмаса, цифрлық прогреске қол жеткізу мүмкін емес. Сондықтан техника-

лық мамандықтарды дамыту және олардың қоғамдағы рөлін арттыру да маңызды міндет екені анық.

Қасым-Жомарт Кемелұлы әлемдік қоғамдастыққа Қазақстанның Ұш жыл ішінде толық цифрлық державаға айналдыруды көздейтін стратегиялық мақсатымыз туралы да айтып берді.

Мемлекет басшысы еліміз инвестиция саласындағы халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтуді жақтайтынын және Қазақстанның Еуразияның логистикалық хабы ретіндегі маңызын айрықша атап өтті. Біз алдағы уақытта да Азия мен Еуропа арасындағы көлік транзитін, соның ішінде «Бір белдеу, бір жол» бастамасын, «Солтүстік-Оңтүстік» көлік дәлізін және Транскаспий көлік бағытын дамытуды жалғастыра береміз.

Қасым-Жомарт Кемелұлы сөзін қорытындылай келе, жаһан жұртының назарын Қазақстанда болып жатқан ауқымды саяси реформаларға аударды. Президентіміз бір палаталы Парламент құру мәселесін жалпыұлттық референдумға шығару туралы ұсынысына тоқталды және Қазақстан әрі қарай да «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» қағидатын ұстанатынын айтты.

Жалпы, Қазақстан халықаралық ынтымақтастық бағдарына табан тіреп, әлемдік аренада бітімгер, араағайын және сенімді серіктес рөлін жалғастыра береді.

Президентіміздің БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясындағы Жалпы дебатта сөйлеген сөзі еліміз халықаралық құқық, сындарлы диалог және орнықты даму құндылықтарына бейіл екенін кезекті рет растап берді. Осылайша, Қазақстан қазіргідей жаһандық тұрақсыздық жағдайында әлемге теңгерімді тәсілге, әділеттілікке және болашақ жолындағы ортақ жауапкершілікке негізделген реформалық күн тәртібін ұсынды. Алдағы уақытта бұл бастама әлемдік қауіпсіздіктің күшеюіне оң септігін тигізеді деп сенеміз.



Ерлан ҚОШАНОВ,
Парламент Мәжілісінің Төрағасы:

ӘЛЕМГЕ ҚАЖЕТ ЖАҢА ҒАЛАМДЫҚ КЕЛІСІМ

Осы күндері Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясы жаһандық күн тәртібінің басты оқиғасына айналғанын көріп отырмыз. Дүниенің әр түкпіріндегі мыңдаған адам осы саммит алаңдарындағы кездесулер мен сөйлеген сөздерге ерекше ден қойып, әлем көшбасшыларынан жер шарын бейбітшілік пен келісімге бастайтын жаңа шешімдер күтті.

дық сын-қатерлерді шешуге қатысты еліміздің стратегиясы туралы айтып берді. Олар климаттың өзгеруі, су тапшылығы, Арал мен Каспий теңіздерінің мәселелері, жасанды интеллекттің енгізу, энергетика мен ауыл шаруашылығын дамытуға қатысты жайттар.

Бұл мәселелер Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформалары бағдарының негізгі басымдықтарына айналғаны және оның үнемі назарында екені баршаға аян. Президенттің сайлауалды бағдарламасы мен әрбір Жолдауы жоғарыда аталған бағыттар бойынша елді дамытуға арналған нақты шараларды қамтиды.

Әлем көшбасшыларының басын қосқан жиында жаһандық диалогтың басты тақырыптарының бірі цифрландыруға байланысты сын-қатерлер болды. Президент дәл осы тақырыпта әлемнің ең биік мінберінен сөз сөйлеген күні Мәжілістің «Жасанды интеллект туралы» жана заңды екінші оқылымда қабылдауының символдық мәні зор. Бұл құжат Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында депутаттардың бастамасымен әзірленді. Біздің еліміз әлемде мұндай заңды қабылдаған алғашқы елдердің қатарында. Ол әлемдік тәжірибені ескере отырып әзірленіп, қазіргі қоғамдағы үрей мен алаңдаушылықтың бәріне жауап береді. Жана заңның прогрессивтілігі мен дер кезінде қолға алынуы еліміздің әлемдік үрдістерге сай дамып отырғанын көрсетеді.

ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов Қазақстанға ресми сапармен келген Мажарстан Мемлекеттік жиналысының төрағасы Ласло Кёвермен кездесті. Тараптар екі ел парламенттері арасындағы ынтымақтастықты нығайту мәселесін талқылады.

Бұл — Ласло Кёвердің Қазақстанға үшінші сапары. Ол Мажарстанның Мемлекеттік жиналысы тарапынан Қазақстанмен әріптестікті тереңдетуге деген қызығушылығы жоғары екенін айғайтайды. Былтыр Парламент Мәжілісінің Спикері Ерлан Қошанов Будапештте болып, екі ел парламенттері арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бүгінгі сапар — осы келісімдердің жалғасы.

Кездесу барысында Ерлан Қошанов Қазақстан мен Мажарстан парламенттерінің ынтымақтастықты және бірлескен жұмысты одан әрі нығайтуға ниеті зор екенін атап өтті.

— Кейінгі жылдар қазақ-мажар қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтерудегі маңызды кезеңге айналды. Бұл қос ел көшбасшыларының мызғымас достығының, ерен еңбегінің арқасы деп білеміз. 2023 жылы Мажарстанның Премьер-министрі Виктор Орбан Қазақстанда ресми сапармен болды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың белгілеген мақсаттарға мемлекеттік сапары нәтижелі өтті. Стратегиялық келісімдерге қол қойылып, маңызды уағдаластықтар жасалды. Енді осы келісімдерді заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету — біздің ортақ міндетіміз, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Әңгімелесу кезінде тараптар парламентаралық байланысты дамытуда депутаттардың достық топтары мен заң шығару саласында тәжірибе алмасуға



ерекше назар аударды. Ерлан Қошанов Қазақстан мен Мажарстан парламентшілері арасындағы диалогтың жоғары қарқынын айтып, бүгінгі сапар екіжақты қарым-қатынасты одан әрі күшейтуде маңызды қадамға айналатынына сенім білдірді.

Екі ел парламенттерінің бірлескен жұмысы көпжақты форматта да қарқынды дамып келе жатыр. Екі ел депутаттары Парламентаралық Одақ, Еуропадағы ынтымақтастық және қауіпсіздік

ұйымы, Еуропа Кеңесі парламенттік Ассамблеялары аясында үнемі бір-бірін қолдап келеді. Түркі мемлекеттері парламенттік Ассамблеясы шеңберіндегі ықпалдастық та тиімділігін көрсетті.

Сонымен қатар Мәжіліс Спикері мажар әріптестеріне Қазақстанда болып жатқан ауқымды өзгерістер жайлы айтып берді. Мемлекет басшысы Жолдауында жарияланған бастамалар мен парламенттік реформаға жеке тоқталып, оларды іске

асыру бағытында қабылданып жатқан заңдарға да мән берді.

Президенттің жаппай цифрландыру мен барлық салада жасанды интеллектті қолдану идеясы төңірегінде де мазмұнды әңгіме өрбіді. Бүгін Мәжіліс Жасанды интеллект туралы заңды екінші оқылымда қабылдайды. Заңда оны барлық деңгейде қолданудың құқықтық принциптері мен тәсілдері айқындалған. Мажарстан осы салада нәтижелі жұмыс істеп жатыр. Қазақстан бұл бағытта ынтымақтастықты дамытуға және осындай жобаларды іске асыруда тәжірибе алмасуға мүдделі.

Өз кезегінде, Ласло Кёвер қазақ пен мажар халықтарын айрықша достық байланыстыратынын және парламентаралық байланыс елдеріміз арасындағы берік әріптестікті арттыру жолында көпірге айналғанын атап өтті. Мажарстан Мемлекеттік жиналысының төрағасы парламенттердің комитеттері мен аппараттары деңгейінде де байланыстарды тереңдетуге мән берді.

— Құндылықтарымыз, дәстүрлеріміз бен ортақ тарихымыздан бөлек, бізді бүгінгіміз бен болашағымыз да байланыстырып, жақындатып отыр. Сіз Қазақстанда келешекте бір палаталы Парламентке көшу жоспарланып жатқанын атап өттіңіз. Қажет болған жағдайда біз Мажарстанның осы прошегегі тәжірибесімен бөлісуге дайынбыз, — деді Ласло Кёвер.

Бұдан бөлек, тараптар сауда-экономика, инвестиция, ауыл шаруашылығы, көлік-транзит, энергетика, мәдени-гуманитарлық салалардағы серіктестіктің келешегін сөз етті.

Кездесу соңында Мәжіліс Төрағасы Мемлекет басшысының атынан Ласло Кёверге Қазақстан мен Мажарстан арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға қосқан зор үлесі үшін «Достық» орденін табыс етті.

БАҒДАР

25 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ

СЕНАТ



ЕЛАРАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған палата делегациясы Қырғыз Республикасына жұмыс сапарымен барды. Сапар аясында Сенат Спикері Бішкекте өткен Орталық Азия мемлекеттерінің III парламентаралық форумында сөз сөйледі және Қырғызстан Жогорку Кенешінің Төрағасы Нұрланбек Тұрғынбекулумен кездесті. Сондай-ақ қазақстандық делегация қазақ-қырғыз зиялыларының IX форумына қатысты.

Мәулен Әшімбаев Орталық Азия мемлекеттерінің III парламентаралық форумына қатысушыларға ілтипат білдіріп, қырғыз халқын Ұлттық тіл күнімен құттықтады. Сонымен қатар ол бұл кездесулер Орталық Азия үшін маңызы зор киелі орындарда өткізіліп келе жатқанына назар аударды. Сенат Төрағасы өз сөзінде III форумды өткізу парламентаралық байланыстарды нығайтудың символы және тарихқа, бауырластыққа, жарқын болашаққа деген ортақ ұмтылысқа құрмет екенін атап өтті.

Палата Спикері қазір Орталық Азияның әлеуетін дамыту және күрделі геосаяси ахуал мен әлемдік экономикадағы тұрақсыздық жағдайында өзекті проблемаларды шешуге жәрдемдесу жолында парламенттік дипломатияның маңызы арта түскенін айтты. Осы орайда ол қолға алынған бастамалардың іске асырылуын жеделдету ісінде Парламенттер ықпал ете алатын негізгі бағыттарға тоқталды.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы «Орталық Азия ренессансы» атты мақаласында «алдағы он жыл біздің аймақтың болашағын айқындайтын кезең болады және осы тарихи мүмкіндікті қаншалықты тиімді пайдалана алатынымыз тек өзімізге байланысты» деген еді. Орталық Азия мемлекеттерінің парламентаралық форумы аясындағы бірлескен кадам осы ортақ мүддеге табан тірейді. Қазірдің өзінде белсенді жұмыс жүргізіліп жатқан және Парламенттер қолға алынған бастамалардың іске асырылуын жеделдетуге ықпал ете алатын бірқатар негізгі бағытты атап өткім келеді. Ең алдымен, сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту үшін заңнамалық негізді нығайтудың мәні зор. Екінші маңызды бағыт — жасанды интеллект пен цифрландыруды енгізуді заңнамалық тұрғыдан қолдау. Біз Өзбекстан Парламентінде ЖИ туралы заңды қарау аяқталғанын және Қырғызстанда Цифрлық кодекс қабылданғанын білеміз. Қазақстанда да Цифрлық кодекс әзірленіп жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Бұл орайда біздің заңдарымыздың бір-бірінен алшақтамауы және ұқсас қағидаттар мен тәсілдерді қолдану аса маңызды», — деді Мәулен Әшімбаев.

Форумның күн тәртібін талқылау барысында Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан Парламенттері палаталарының басшылары мен өкілдері парламентаралық байланыстың тиімділігі аймақтың дұрыс даму траекториясын қалыптастыруға және оның келешегіне тікелей әсер ететінін айтты. Сондай-ақ олар парламентаралық ынтымақтастықты нығайту және қол жеткізілген барлық уағдаластықты тиімді іске асыру барысындағы бірлескен жұмыстың маңызына назар аударды.

«III парламентаралық форумды Бішкекте өткізу парламенттік өзара іс-қимыл мемлекеттеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық деңгейіне толық сәйкес дамитынын растай түседі. Егер бірінші форум парламенттік интеграцияның негізін қаласа, екіншісі оның күн тәртібін кеңейтті. Ал, үшінші Форум біздің бұдан да нақты әрі мазмұнды жұмысқа көшетінімізді көрсетеді. Мемлекеттеріміздің басшылары Орталық Азия

өңірінде кооперация мен ынтымақтастықтың жоғары деңгейін белгілеп берді. Бұл ретте Парламенттердің, яғни біздің басты міндетіміз — Президенттеріміздің барлық уағдаластықтарын тиімді іске асыруға үлес қосу және прагматика мен сенімге негізделген бірлескен жұмысты жүйелі түрде жалғастыру. Сондықтан Орталық Азия мемлекеттерінің парламентаралық форумы парламентаралық өзара іс-қимылдың пәрменді және перспективалы тетігі ретінде ерекше маңызға ие екенін тағы да атап өткім келеді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Парламент Сенатының Төрағасы бастаған қазақстандық делегация мүшелері Қазақ-қырғыз зиялыларының IX форумына қатысты. Олардың қатарында көрнекті қоғам қайраткері Әділ Ахметов, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов, КР еңбек сіңірген қайраткері, жазушы, драматург, акын, белгілі манасшы Баянғали Әлімжанов, «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры, академик Дихан Қамзабекұлы және басқа да көрнекті қаламгерлер мен қоғам қайраткерлері бар. Кездесуде екі халықтың терең тарихи және мәдени байланыстарына негізделген мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелері сөз болды.

Жиын аясында Мәулен Әшімбаев Қырғыз Республикасының бірқатар мемлекет және қоғам қайраткерлерін екі елдің достығын нығайтуға қосқан үлесі үшін Қазақстанның мемлекеттік және парламенттік наградаларымен марапаттады.

Орталық Азия мемлекеттерінің III парламентаралық форумы аясында Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Нұрланбек Тұрғынбекулумен екіжақты кездесу өткізді. Онда екі елдің өзара іс-қимылының қазіргі жағдайы жан-жақты талқыланып, парламентаралық ынтымақтастықтың басым бағыттары белгіленді. Кездесуде Мемлекет басшыларының бастамаларын заңнамалық тұрғыдан қолдаудың маңызына баса мән берілді.

«Сонғы жылдарда Мемлекет басшыларының достық пен құрметке негізделген қарым-қатынасының арқасында екіжақты байланыс айтарлықтай нығайып, өзара іс-қимыл жаңа деңгейге көтерілді. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қырғызстанға биылғы тамызда жасаған ресми сапары және Жоғары мемлекетаралық кеңестің кезекті 7-ші отырысы өзара ынтымақтастықты дамытуға айрықша серпін берді. Сапар барысында сауда-экономикалық, көлік-логистика, су-энергетика, мәдени-гуманитарлық және өңіраралық байланыстарды нығайтуға арналған бірқатар маңызды құжатқа қол қойылды. Мұндай қадамдар екі ел арасындағы достық қарым-қатынастарды жаңа деңгейге көтеретіні анық», — деді Мәулен Әшімбаев.

Өз кезегінде Нұрланбек Тұрғынбекулу Сенат Спикеріне парламентаралық форум жұмысына қатысқаны үшін алғысын білдіріп, Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы өзара қарым-қатынастарды дәйекті түрде дамытудың маңызына назар аударды, сондай-ақ белгіленген мәселелерді шешу жолында бірлесіп жұмыс істеуге мүдделі екенін жеткізді.

МӘЖІЛІС



«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ҚАБЫЛДАНДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар «Жасанды интеллект туралы», сондай-ақ мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау туралы заңдарды ілеспе түзетулерімен екінші оқылымда қабылдады. Сондай-ақ төрт халықаралық құжатты ратификациялады.

Мәжіліс «Жасанды интеллект туралы» заң мен оған ілеспе түзетулерді екінші оқылымда қабылдады. Құжатқа Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде жасанды интеллект технологиясын дамыту үшін депутаттар бастамашы болды. Түзетулер 2025 жылдың 14 мамырында бірінші оқылымнан өткен.

Заң бойынша жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смышляева өз баяндамасында түзетулердің Қазақстанда жасанды интеллектті дамытудың құқықтық негізін қалайтынын атап өтті. Сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, деректерді қорғау мен инновацияларды қолдауға бағытталғанын айтты.

— Жасанды интеллектті әзірлеу және енгізу үшін Ұлттық платформа құрылады. Ол деректер кітапханаларына, жасанды интеллект өнімдерін әзірлеу және пайдалану ортасына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Ашық, жабық және жергілікті жүйелер санаттары енгізіледі. Жабық ортада оқытылатын және жұмыс істейтін жергілікті жүйелер мен модельдерге ерекше назар аударылады. Бұл ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Жергілікті үлгілер ұлттық ЖИ жүйелерінің негізіне айналуға тиіс, — деді депутат.

Занда ЖИ жүйелерін пайдалану кезінде азаматтардың құқықтарын қорғауға ерекше мән берілген. Екатерина Смышляева пайдаланушылар жүйенің жұмысы туралы ақпаратты алуға, оның шешімдерін қайта қарауды және түсіндіруді талап етуге және ЖИ-мен өзара әрекеттесуден бас тартуға құқылы екенін айтты.

Бұл ретте адамның мінез-құлқын манипуляциялауға, эмоцияларды пайдалануға, әлеуметтік бағалау жүргізуге немесе келісімсіз жеке деректерді жинауға бағытталған цифрлық технологияларды пайдалануға тыйым салынады. Осы талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін ЖИ жүйелеріне міндетті аудит енгізіледі.

Бұдан басқа барлық жүйе тәуекел деңгейлері мен дербестік дәрежесіне қарай жіктеледі. Тәуекел деңгейі жоғары жүйелер ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның маңызды нысандары болып саналады және арнайы бақылауға алынады. Олардың жұмысы тек заңмен реттеледі болады.

Зандағы жаңалықтар авторлық құқыққа да әсер етеді. Жұмыс тобы жетекшісінің айтуынша, адамның шығармашылық қатысуынсыз тек ЖИ жасаған жұмыстар заңмен қорғалмайды. Дегенмен авторлық және сабақтас құқықтар туралы заңға сәйкес, пайдаланушылардың шығармашылық тұрғысындағы сұраулары зияткерлік меншік болып танылуы мүмкін және авторлық құқықпен қорғалады.

«Жасанды интеллект туралы» заңды талқылау қорытындысында Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Қазақстан мұндай құжатты қабылдаған әлемдегі алғашқы елдердің бірі екенін атап өтті.

— Мемлекет басшысы таяудағы Жолдауында алдымызға үш жыл ішінде Қазақстанды жаппай цифрлық елге айналдыру жөнінде ауқымды міндет қойды. Бұл прогрессивті идеяны Президентіміз бүгін әлемнің ең басты мінбері — Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінен де жариялады. Бұл жаһандық үрдіс екенін көріп отырмыз. Президент атап өткендей, жаппай цифрландыру және жасанды интеллектті кеңінен қолдану еліміздің ұлттық басымдығына айналды. Бүгін қабылданып отырған Жасанды интеллект туралы заң — осы бастаманы іске асыру жолындағы іргелі қадам. Ол еліміздің цифрлық дамуын жаңа деңгейге шығаруға жол ашатыны анық, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Ерлан Қошанов бүгінгі қабылданған заң жасанды интеллект саласы үшін, жалпы мемлекетіміздің дамуы үшін үлкен серпіліс беретінін атап өтті. Оны әзірлеуде цифрландырудың әлемдік озық тәжірибесі мен барлық ықтимал тәуекел ескерілген және әділдік, заңдылық, ашықтық, адам құқықтары мен жеке деректерді қорғау сияқты негізгі қағидаттарға көңіл бөлінген.

Мәжіліс мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша түзетулерді екінші оқылымда қабылдады. Құжат 2025 жылғы 26 ақпанда бірінші оқылымнан өтті.

Жұмыс тобының жетекшісі Ринат Зайыттың айтуынша, заңда мәдениетке ерекше мән берілген. Отандық әдебиетті дамыту және кітапхана қорын сақтау шаралары күшейтіледі. Сонымен қатар мемлекеттік кітапханаларға білім беру және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру құқығы беріледі.

Түзетулерге сәйкес, халықаралық ғылыми жарыстардың жеңімпаздары мен олардың тәлімгерлері біржолғы төлемге алады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған немесе I топтағы мүгедектерге күтім жасайтын тұлқеттер мемлекеттік грантты міндетті өтеуден босатылады. Мемлекеттік білім беруді қаржыландыру енді университеттер мен колледждердің рейтингтеріне байланысты бөлінеді.

— Сондай-ақ балаларға арналған ұйымдарды санитарлық-эпидемиологиялық бақылау саласында және балалардың құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік бақылаудың ерекше тәртібі реттеледі. Бұдан бөлек, мемлекеттік аттестаттауды жаңа тәртіппен өткізу нормалары қарастырылған, — деді Р.Зайыт. Құжатты екінші оқылымға дайындау барысында отбасыға қатысты түзетулер енгізілген. Бала асырап алудың басым құқығы баланың туыстарына, ал олар болмаған жағдайда некелегі ерлі-зайыптыларға беріледі. Қамқоршы ретінде тағайындалуы мүмкін тұлғалардың қатары кеңейтілді. Оған патронаттық тәрбиешілер, асырап алушылар және кәсіби патронаттық тәрбиешілер кіреді. Бұл ретте қорған-шылық органдары кандидаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруге міндетті.

Жалпы отырыс барысында депутаттар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау халықаралық орталығын құру туралы келісімді ратификациялады. Құжатқа 2023 жылғы 13 қазанда Бішкекте қол қойылған. Құжатты Қаржы мониторинг агенттігі төрағасының орынбасары Жеміс Елемесов таныстырды.

Қаржы және бюджет комитетінің басшысы Татьяна Савельеваның айтуынша, келісімнің негізгі мақсаты — ТМД елдерінің қаржы жүйелері мен экономикасын ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру қаупінен қорғау шарттарын жақсарту.

— Халықаралық қаржылық барлау орталығы — ТМД-ға мүше мемлекеттердің қаржылық барлау бөлімшелері арасындағы ынтымақтастықты жеңілдетуге арналған халықаралық ақпараттық жүйе. Бұл орталық қылмыскерлер қолданатын үрдістер мен әдістерді, соның ішінде жаңа технологияларды зерттейді деп жоспарланып отыр. Орталық елдерге трансшекаралық қауіптерді талдау, статистикалық ақпарат алмасу, тәуекелдерді азайту бойынша ұсынымдар әзірлеуге және халықаралық тәсілдерді өз стандарттарына сәйкес үйлестіруге мүмкіндік береді, — деді Т. Савельева қосымша баяндамасында.

Марокко Корольдігімен қылмыстық құқық саласындағы ынтымақтастыққа қатысты үш келісім де ратификацияланды. Құжаттарға 2024 жылғы 12 желтоқсанда Рабат қаласында қол қойылған. Келісімдер жобасы туралы Бас прокурордың орынбасары Ғалымжан Қойгелдиев баяндады.

Жұмыс тобының жетекшісі Жаркынбек Амантай ұстап беру туралы келісім Қазақстан мен Марокконь қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе сот үкімін орындау үшін өз аумақтарында орналасқан адамдарды бір-біріне ұстап беруге міндеттейтінін айтты.

Сотталғандарды беру туралы келісімде тараптардың бірінде бас бостандығынан айыруға сотталған азаматтарды жазасын өз елінде өтеу үшін оларды еліне қайтару қарастырылған.

Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы келісімге сәйкес, тараптар дәлелдемелерді алуда, адамдар мен заттардың орналасқан жерін анықтау мен сәйкестендіруде, куәлардың, жәбірленушілердің және сарапшылардың келуін қамтамасыз етуде, басқа да процессуалдық әрекеттерді жүргізуде бір-біріне көмектесетін болады.

Мәжіліс комитеттері жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олар: Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының шешімдерін орындау мәселелері бойынша заң жобасы мен Қылмыстық-процестік кодексіне және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілетін ілеспе түзетулер; Қазақстан мен Моңғолия үкіметтері арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау жөніндегі заң жобасы.

Жалпы отырыс соңында Мәжіліс депутаттары өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 14 депутаттық сауал жолдалды. Олар Мәжілістің ресми сайты мен Telegram арнасында жарияланды.

ЖОЛСАПАР

Бағытымыз – Торғай. 17 қыркүйек, түс әлетінде Астанада Торғай топырағын бетке алып жолға шықтық. Иә, елордадан оңтүстік-батысқа қарай 850 шақырым жерде жатқан – киелі Торғай. Менің туған ауылым. Қарбалас өмірдің иірімінде жүріп ат ізін салмағалы да көп болыпты. Көңілде толқыныс бар. Алда ұзақ жол ғана емес, ауыр міндет, үлкен жауапкершілік күтіп тұр. Торғайда 20-21 қыркүйек күндері Міржақып Дулатұлының 140 жылдық мерейтойы аталып өтпек. Дүйім Алаш көз тігетін торқалы тойға атсалысу, ең әуелі, перзенттік парызымыз.

Жол адамды ойға бөлейді, сергітеді. Әсіресе, дәл осындай жаймашуақ қоныр күз – алыс сапарға шығуға таптырмас мезгіл. Қаладан алыстап, Атбасарға жақындаған сайын сары жағал алтын күз көркімен көз тартты. Көкжиекке сіңіп көсіліп жатқан қазақтың сайын сахарасы. Ақтылы-қаралы төрт түлік сол даланың сәні екен. Халықтың ырыздығы – алтын астықтың да піскен шағы. Қатар-қатар тізіліп астық орып жатқан комбайнның өзі мамыражай заманның жырын атыздарға жазып бара жатқандай... Осы кең далаға ұзақ қарап отырып, оны ұрпаққа мирас қылып қалдырған ата-бабаның ерлігіне сүйінесін, рухына бас иесін. Анау алқара аспаннан Міржақып атамыз әлі де «Оян, қазақ!» деп жар салып тұрғандай...

Мая-мая шөп үйілген жол бойына тоқтадым. Жусанның кермек иісін көкірек кере жұтқанда қалада жүріп өбден ішқұса болғаныңды сезесің. Ауылда өскен адам даланы ансайды. Даланың өз құдіреті бар. Ол пендешілік өмірдің бойға жапсырған барлық кірін өзі-ақ жуып-шаяды. Жаныңды емдейді. Бұдан артық рухани сапар болмас...

Алда атқарар жұмыстарға іштей жоспар құрып отырып, 11 сағатқа созылған жолдың қалай өткенін сезбей қалыппын. Түнгі сағат 22:30. Міне, бір қырдың астында жатқан – Торғай. Ауылға жақындаған сайын сағынғанымыз анық сезем. Тойға деген дайындық қалай, не өзгеріс болып жатыр деген сұрақтар тағатынды тауысады. Түнгі оттары жарк-жүрк еткен алақандай ауыл алыстан менмұңдалап көз тартты. Құдды үлкен шаһар тәрізді. Баяғы он мың адам тұратын дәурені қайта айналып келгендей жүрегім дір ете қалды. Ауылдағы 1969 жылы туған азаматтар көше шырақтарын жөндеп берді деп естіп едім. Мынау самаладай жарқыраған қызыл-жасылды жарық сол болды. Осыдан-ақ тойға деген дайындықтың қызу жүріп жатқанын аңғаруға болады.

Бұл – күллі Торғай-Торғай өңірі көптен күткен қуаныш. Бабаның атын әспеттеп, елдік пен бірлікті әйгілейтін сәтте ешкім анып қалған жоқ. Қара ормандай халық жұдырықтай жұмылып ортақ іске белсене атсалысқан. Қызу дайындық жыл басында-ақ басталып кеткен болатын. Тойдың негізгі шығынын өздері көтеріп, аты алысқа жететін мерейлі күннің қуәсі болғысы келді. Жұрт қолда барын аямады. Халықтан қаншама қаржыдан бөлек, ірілі-ұсақты мал да көп жиналды. Осының бәрі – елдің бірлігі мен ұйымшылдығының арқасы. Облыс әкімдігінің жүгін жеңілдетіп, өздері-ақ жұмыстың ауырын арқалады...

Осындай жаны жайсаң, патша көңіл жұрттан айналасын. «Бұл – Ахан мен Жаханның елі!» – деп мақтанышпен айтқын келеді.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойының соңы қалай аяқталғаны көпке мәлім. Сонша күткен қуаныш су сепкендей басылған еді. Ерт жерді ғана емес, көңілді де шарпыды. Елдің ұнжырғасын түскенін көргенде іштей күрсініп, амалсыз қалғанбыз... Торғайға басқа емес, осы бір тойды да қимады ма деп налығанбыз. Одан бері 3 жыл өтті. Міне, Жаханның тойы. Енді сондай бір көлденен кесел келергі болмай, бәрі абыроймен өтіп, елдің еңсесі көтерілсе екен деп тілеп келемін...

Заманынан озып туған қаншама заңғар тұлғалардың кіндік қаны төгілген Торғайға да жеттік...

18 қыркүйек. Таң бозынан тұрып іс-шара өтетін жерлерді аралап шықтым. Кем-кетігін қағазға түсіріп, істеуге тиісті жұмыстарды көңілге хаттадым. Осы тойға Парламент Мәжілісінің Төрағасы, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов арнайы қатыспақ. Бұл – тойдың салмағын арттырып қоймайды, ел үшін де үлкен мерей. Торғайға дәл осындай мемлекеттік деңгейдегі қайраткер соңғы рет қашан келді? Есімде жоқ. Қолымызда «AMANAT» партиясы басшылығы берген арнайы тапсырма бар. Ерлан Жаканұлы 20 қыркүйек күні таңертен Костанай қаласында Міржақып Дулатұлына арналған ескерткіштің ашылуына қатысып, одан кейін Бидайық ауылындағы кесенесіне зиярат жасайды. Түс ауа Торғайда Халықаралық «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі мен аламан айтысқа қатыспақ. Арасы шалғай, локация көк. Қызу жұмысқа білек сыбанып кірісіп кеттік.

Осы жұмыстарға жетекшілік ету үшін кеше бізден кейін партиямыздың Орталық аппарат басшысы Мәди Оспанов та жолға шыққан болатын. Түнделетіп болса да, Торғайға жетіп алғысы келгенімен жолда көлігінің доңғалағы жарылып, Арқалыққа түнеп қалған еді. Көп кешікпей ол кісі де жетті. Мәди Жарылғасынұлымен бірге іс-шара өтетін әр нүктені, жалпы бағдарлама мен сценарийді қайыра мұқият қадағалап, пысықтап шықтық. Облыс, аудан әкімдігіне тиісті тапсырмалар берілді.

Әрине, ауданда мұндай ауқымды іс-шара күнде өте бермейді. Сондықтан да азаматтар жайбарақаттыққа салынып, кейбір маңызды дүниелерге мән бермейтіні де заңды. Оны табиан астында шеше қою да қиын. Мысалға, кейбір қажетті материалдар Торғай түгілі Арқалықтан да табылмайды. Оны қиырдағы облыс орталығынан алдыру қажет. Уақыт болса, жакындап келеді. Нағыз қарбаластық басталды да кетті. Бірақ ешбір азамат шаршағанын айтып, қабақ шытқан жоқ. Қайта бабаның аруағы қолдап, елдің айбыны асын деп дамыл таппады. Сол азаматтардың

бөріне, жалпы Торғай жұртына алғысымыз шексіз.

Біз бұл күні партиямыздың аудандық филиалында тапжылмай отырып түнімен жұмыс істедік. Жарты өмірім қалған қара шаңыраққа қайтып бара жатып сағатқа карасам, таңғы 04:15-ті көрсетіп тұр екен...

Торғайдағы ТОРҚАЛЫ ТОЙ – (жолжазба)

19 қыркүйек. Көз шырымын алар-алмастан қайта атқа қондық.

Бір кездері Торғайдағы әуежайдың ұшу-қону жолағы болған ат шаптырым алаңда қаздай тізіліп киіз үй тігілді. Облыстың 16 ауданы мен 6 қаласы өзіндік сән-салтанатымен келіп, тойдың көркін асырған. Осы үйлерде бір жағы келген қонақтар ас-ауқат ішіп, аунап-қунаса, екіншіден, қазақтың бай салт-дәстүріне, мол мәдени мұрасына кұә болады. Әсіресе, киіз үй қалашығын аралаған балалар әрнені қызықтап сұрайды, суретке түседі. Ұлылардың ұлағатты өмірін жадына тұтады. Осының өзі-ақ рухани тәрбие емес пе?!

Бұл күні кешегі жұмыстардың тың-ғылықты орындалуын қадағаладық. Оған үстеме қаншама шаруа күтіп тұр. Түске жакын партиямыздың Орталық аппараты мен облыстық филиал қызметкерлеріне партия мен Парламент Мәжілісінің баспасөз ұжымы қосылды. Дайындықтың соңғы кезені басталды. Әрбір шара өтетін алаң ғана емес, алыс-жақындағы камера орнатылатын нүктеге дейін төрт тұрманы сай болғанда ғана дайынбыз деп айтуға болады. Оған жету үшін тағы да ала таңнан қара кешке дейін дамып таппай шақылауға тура келді. Іс-шара өткізіп жүрген адамға мұның өзі бір бақыт. Бастаған ісін ойдағыдай аяқталса, көңілің марқаяды. Олай болмаса, көздеген межеге жеткізгенше тағат таппайсың.

Шаруаның дені тиянақталған соң Мәди Жарылғасынұлы Костанайға аттанып кетті. Қаладағы ескерткіштің ашылу рәсімін ұйымдастыруға және Бидайықтағы іс-шараларға бас-көз болуға партияның Орталық аппаратынан арнайы инспекторлар жіберген. Солардың жұмысын пысықтап шығады да, ертең Ерлан Жаканұлымен бірге негізгі іс-шараларға қатысады.

Бұл екі күнде маған Торғайдың таны ерте атып, кеші тез бататындай көрінді.

20 қыркүйек. Көптен күткен сенбінің таны атты. Біз дайынбыз.

Таңғы сағат 8:30. Костанай қаласының қак жүрегінде бой көтерген Алаштың ардагер перзенті Міржақып Дулатұлының еңселі



ескерткішін ашуға бір қауым жұрт жиналды. Тарихи сөт. Мәжіліс Спикері, партиямыздың Төрағасы Ерлан Қошанов ескерткіштің ақ шымылдығын түсіріп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

Композицияның мүсіншілері – Жеңіс Жұбанқосов пен Тимур Ермұхаметов. Биіктігі – 3,5, ені 2,1 метр болатын айбынды ескерткіш көзге оттай басылады. Бойында маңғаздық та, бекзаттық та бар. Сөзі жадымызға жатталып, болмысы зердемізге сіңген қайраткердің өр тұлғасы қараған жанды өзіне тартады. Енді облыс әкімдігің алдында қасқайып тұрып, өзі көксеген жеркем болашаққа тағылымды жол нұсқай бермек. Ұлылар бес құн жалғанын өзі кетсе де, өмірі осылай мәңгі жалғаспақ.

Бұл – Алаш қайраткерлері шын бағасын алған тарихи әділдіктің тағы бір айқын көрінісі. Дүйім қазақтың шын қуанып, бір-бірінен сүйінші сұрасып жатқанын көргенде көңіліміз толқыды. Алаштанушы ғалым, профессор Айгүл Ісмакова әлеуметтік желідегі парақшасында: «Қазақ елі 37 жыл бойы күткен ескерткіш ашылды. Гүлнар Міржақыпқызы осы күнді аңсап өтті», – деп жазды. Бұл күнді бәріміз күттік. Әсіресе,



Тобыл-Торғай жұрты үшін естен кетпес рухани мейрам дер едім.

Шынымен де, қайраткерлер ақталса да құнды мұрасы жан-жақты зерттеліп, алаштану ғылымы бірден аяғынан тік тұрып кете алған жоқ. Осы бағыттағы жұмыстардың өзегіне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен соңғы жылдары ғана қан жүгірді. Мысалы, 2021 жылы елорда төрінде Алаш қайраткерлеріне арналған ескерткіш ашылса, 2022 жылы Алматыда Ахмет Байтұрсынұлының еңселі ескерткіші бой көтерді. Бұл дегеніміз – жай ғана тас мүсін емес, тарихымызды жан-төнімен, өр рухымен, ақыл-парасатымен жазып кеткен ұлыларға деген құрмет. Сондай-ақ Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия өз жұмысын сәтті тиянақтады. Қазақстан тарихының жеті томдығы дайындалып жатыр. Демек, жана кезең басталды. Ұзағынан сүйіндірсін дейміз!

Күрметті оқырман! Жолыңыз түсіп Костанайға, Жангелдин ауданына келіп жатсаңыз, Бидайық ауылына соңпай өтпеніз. Онда жаны мәңгілік тыныс тапқан Міржақып Дулатұлының кесенесіне зиярат етіп, құран бағыштарсыз. Жанында тұрған мемориалдық мұражайын аралап, құреске толы өмір соқпағымен танысарсыз.



Иә, тарихына қанық емес көп адам «Онда өзі жатыр ма?» деп сұрайды. Айыбы жоқ сауал. Бірақ осы сөзде қазақтың қара жер қайысатын қайғысы жатыр. Алаш қайраткерлерінің дені жат өлкеде, туған жерінен жырақта жан үзді. Көбінің сүйегі қайда қалғаны да белгісіз. Ойласаң, көкірегің сыздайтын шерлі тарих. Міржақып Дулатұлының сүйегін ғалым Марат Әбсеметов 1989 жылы сонау Карелиядан тапқаны, қызы Гүлнар Дулатованың бастамасымен 1992 жылы туған жері Торғай даласына әкелініп жерлегені белгілі. Араға жарты ғасырдан астам уақыт салып кіндік қаны тамаған жерге оралған бірден-бір қайраткер – Міржақып атамыз. Мәйітті қайта қазуға барған режиссер Қалила Омарлың: «Жаханның бас сүйегінің жағы елге әкелгенде бірақ ажырағаны» жайлы әңгімесі де ел аузында жүр. Тәңір-Тағала текке жаратпаған киелі адам ғой. Рухың шат болсын!

Қалада ескерткіш ашылған соң тағылымды іс-шаралар легі дәл осы Бидайықта жалғасты.

Сағат 13:30-да мерейтойдың мерейін Сасырған Халықаралық «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі басталды. Елімізде алтыншы рет өткізіліп отырған айтулы

аламан – М.Дулатұлының 140 жылдығына және Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығына арналды. Салтанатты іс-шараның ашылуына қатысқан Ерлан Қошанов: «Бәйге десе, қаны қызбайтын қазақ жоқ. «Ұлы дала жорығы» рухымызды асқақтататын іс-шараға айналды. Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына орай осындай ауқымды іс-шараның өтуі – ұлт спортын ұлықтаудың, тарихқа тағзым, тұлғаға құрмет көрсетудің іс жүзіндегі көрінісі», – делі.

Иә, 2022 жылы «AMANAT» партиясының қолдауымен басталған бұл дода аз уақыт ішінде толағай жетістікке қол жеткізді. Елдің рухын көтеріп, арымақтың қадірін арттыра түсті. Отандық туризм мен ұлттық спорт саласын дамытуға тың серпін берді. Парламент қабырғасында қазақ жылқысының тұқымын сақтау және көбейту үшін арнайы заң қабылданды... Айта берсек, мұрындық болған игі бастама аз емес. Ең бастысы, жылқы жанымызбен үндес болған түпкі тегімізге қайта орылып жатырмыз. Төрт түліктің пырағының түп Отаны – қазақ даласы. Біздің жылқыдан қол үзгеніміз – рухымыздың әсірегені. Сондықтан да бұл – ең әуелі, болашақ үшін керек бастама.

Торғайда басталған «Ұлы дала жорығына» еліміздің 13 өңірінен және Қырғызстан мен Ресейден келген 18 команда қатысты. Бөрінің де тәжірибесі мол, тастүйін дайын. Желтақым шабандоздар желдей жүйрік тұлпарлардың басын Арқалыққа бұрып, 500 шақырымдық жолға аттанды. Олар жолай Бидайықтағы Міржақып атамыздың басына түнеп, зиярат етпек. Сондай-ақ елі үшін еңіреп өткен Амангелді мен Кейкі батырларға тағзым қылады. Осылайша, «Ұлы дала жорығы» ұрпаққа ұлағатты жол нұсқайтын рухани сапарға айналды. Бұл сапарға аттансаң, даланың тілін түсініп, бабалар рухына жақындай түссесің...

Бөкен желіске салып ұзап бара жатқан командалардың сонынан қызыға қарап, «Жорықанда жолдарың болсын!» деп тілеп тұрдық...

Сағат 14:40-та халық асыға күткен шымылдығын ашқан құттықтау сөзінде Мәжіліс Төрағасы, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Мемлекет басшысының Торғай өңірінің дамуына ерекше мән беріп отырғанын атап өтті.

Ерлан Жаканұлын Торғай жұрты құрмет тұтады. 2023 жылы Парламент Мәжілісі сайлауы қарсаңында Арқалыққа келіп, халықпен кездесті. Бұл – Ахмет Байтұрсынұлының тойынан кейін жасып қалған ел көңілін демеген жылы жүздесу болды. Мемлекеттің шынымен де бізге бүйрегі бұрылмай ма деген жұрттың көңілінде күмәнді сөйлітті. Арада екі жыл өткенде Торғайдың аты дүркін-дүркін аталып жатса, халық қалай Ерлан Жаканұлын қуана қарсы алмасын. Бұл жолғы келісін де ақжолтай қадамға болады.

Иә, бір кездері аламан айтыста Торғайдың үнін Айбек Қалиев ағалар көтерсе, бүгінде ел аманатын Берік Бейсенғалиев бастаған азаматтар арқалап жүр. Оны ескі Қазақстан тындамағанымен, жаңа Қазақстан құлақ асты. Әуелі Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне Астанада Арқалық–Торғай–Ырғыз арқылы жалғасатын автожол құрылысын бастауды, Арқалықтағы әуежайды қалпына келтіруді тапсырды. Елдің сөне бастаған үміті қайта оянып, бөркін аспанаға атқан. Көп кешікпей осы жолдың бағытын өзгерту туралы талқы болып жатқаны жайлы сыұт хабар жетті. Ел Президентінің тапсырмасы мұлтгіксіз орындалатынын айтып, Ерлан Жаканұлы бұл екіұшты әңгімеге нүкте қойды. Сондай-

ақ Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында жалғыз Торғай өңірін ерекше атап өтіп, Үкіметке тапсырма берді. Ал Ақмола облысына барған жұмыс сапарында жыл соңына дейін Торғай топырағына келетінін мәлімдеді.

Мұның бәрі – екі рет ашылып, екі рет жабылған Торғай өңірі үшін баға жетпес қуаныш. Оны сол өңірде өмір сүріп жатқан, тіршіліктің қылбұрауы қанша қысса да ауылды тастап көшпеген халық жақсы түсінеді. Міржақып Дулатұлының мерейтойы қарсаңында осындай игі бастамалардың қолға алынғанына, әрине қуанамыз әрі жақсы ырымға балаймыз.

«AMANAT» партиясының қолдауымен өткен сөз барымтасына 14 ақын қатысып, кәделі айтыс өтті. Сөз – құдірет. Қазақтың болмысын біріктіріп, рухын асқақатқан ұлы күш болса, ол әуелі сөз екені күмәнсіз. Міржақып Дулатұлы «Оян, қазақ!» дегенде күллі қазақ даласы дүр сілкінді. Намысын қайрап, жігерін жанып, болашаққа үмітпен қарады. Бүгінде қазақ баласы сөз қадірін өз қадіріндей біледі. Аталы сөз айтатын азаматын ардақ тұтады. Ақынына төрден орын ұсынып, жыр-маржаның күн-түн демей тыңдауға әзір. Оған бүгінгі Торғай төсінде өткен аламан айтыста тағы бір мәрте көзіміз жетті. Жырға әуес, күйге құмар, тауып айтса, астындағы атын түсіп беретін мұрт халық б сағат бойы ақының тік тұрып тыңдалы.

Қызыл тілі мүдірмей, алдаспандай жарқылдаған ақындарға деп жұлдеге екі бірдей темір тұлпар тігілген еді. Оның бірін сыр сүлейі Мұхтар Ниязов еңшілесе, екіншісін айтыстың арыстаны Бекарыс Шойбеков тақымалды. Қазақтың ақсүйек өнері айтыстың бағы асқан, жалауы биікте желбіреген күш болды.

Қадірлі оқырман! Мерейтой аясында өткен шаралар осымен тәмамдалған жоқ. Мен тек 20 қыркүйек күні «AMANAT» партиясының тікелей қолдауымен өткен іс-шараларды ғана атап өттім.

Бұдан бөлек, Торғай ауылының ойы мен қырында өзге де іс-шаралар өтіп, той қуанышына бөленіп жатты. Айтыспен параллель уақыт мүйізі қарағайдай ғалымдардың қатысуымен ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Ал ұлттық спорт шаралары 19 қыркүйек күні басталып кеткен. Ауыл сыртындағы атшабарда халықтың делебесін қоздыратын көкпар тартылып, палуандар аударыспақ сайысында ұш салмақ дәрежесі бойынша күш сынасып жатты. Бір уақытта бөгейнен де басталғанын айтып жүрт дүрлігіп кетті. Бірақ бізге оған мойын бұруға уақыт жар бермеді.

Бөйгенін төресі – аламан болар. Ақшығанақ ауылынан басталған 70 шақырымды тұлпарлар еңсергенін естідік. Мәрені бірінші болып Ақтөбенің азаматтары үкілеп қосқан «Ақбілек» атты сайгүлік кесіпті. Міржақыптың тойында Жүсіпбектің «Ақбілегімен» аттас тұлпардың қара үзіп келгені бір ғанибет емес пе?! Тойға демеуші болған Тобыл-Торғай жұрты ұлттық спорт түрлеріне деп ұш автокөлігі, 38 сәйгітүлік және 31 миллион тенге қаражат бөлген. Ұлы аламанда 1-8 орын, аламан бәйгеде 1-6 орын, құнан бәйгеде 1-4 орын, ал «Алтын тай» жарысында 1-5 орынға дейін жеңімпаздар марапатталған. Бұл – тойдың жоғары деңгейде өтуі ғана емес, ұлттық спортқа қосылған есесі үлге болмақ...

Ас ішуге де уақыт таппай, ары-берлі жүгіріп жүргенде мерейтойдың алғашқы күні де өте шықты. Арқадаң ауыр жүк түскендей жеңілдеп қалдық.

21 қыркүйек. Мерейтойдың екінші күні басталды. Торғайды «Музейлер қаласы» деп те атайды. Мұнда жәдігерлер мол, тарихтың терең қатпарынан сыр шертетін жеті бірдей музей бар. Бұл күн А. Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлының ескерткішіне гүл шоғын қою рәсімінен басталды. Ары қарай салтанатты іс-шаралар легі «Қазақ үшін шам қылған жүрек майын» атты республикалық жыр-терме орындаушылар байқауымен жалғасып, облыстық ақындар мұшәйресі мәреге жетті. Түстен кейін халық алты сағатқа созылған қала және аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасын тамашалады. Ал Торғайдың қонырсақын кешінде мерейтойдың сірегежияр шарасы – Гала концерт өтті.

Әрине, әрбір іс-шараның артында қаншама адамның күш-жігері, табан ет, маңдай тері жатыр. Оның бәрін тәптіштеп жазу бұл шағын жолжазбаның көлеміне сыймас. Кеудені кергенен әсер мен көңілді толқытқан сезімді бейнелеудің өзі қиын. Қалай десек те Торғай топырағында көптен күткен дүбірлі той өтті. Жаны сергіп, рухы серпілген ел бір жасап қалғаны анық. Ағайынның татулығына, береке-бірлігіне сүйіндік. Ғазиз тұлғаның аруағы да бір аунап түскен болар!

«Жахан» деп халқы қадір тұтқан қайраткер: «Балалар келер заманның жоқасы, біздің мирасқорымыз. Балаларға біз не қалдырсақ олар соған ие. Оларға біз көркем тәрбие, тузу бағыт, пайдалы білім берсек, келер ұрпақтың азаттық, адамгершілік дүниесі гүлденбек. Біз балаларға нашар тәрбие, қисық бағыт, қыныр білім үйретсек, келер буын бұзықшылық, қараңғылық, құлдық дүниесінде өмірі өксіп, азып-тозуына себепкер боламыз. Сондықтан келер буынның жақсы, жаман болуына, біз жауаптымыз», – дейді. Жахандар ұлт үшін жауапкершілік арқалады және оны адал атқарды. Алаш ардақтылары мирас қылып «көркем тәрбие, тузу бағыт, пайдалы білім» қалдырды. Бүгінгі біз де, келер заманғы толқын да олар салған сара жолмен жүріп, олар жасқан отпен жылынамыз. Уақыт озған сайын тұлғасы асқақтай түспек. Олар – қазақтың мандайына жазылған бағы, жүрегіне сәуле түсірген шамшырағы...

Осымен той тәмамдалып жок. «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі сайын даланы дүбірге бөлеп, әлі де жалғасып жатыр. Ол аяқталса да, қазақтың жүрек түкпіріндегі қуаныш жалғаса бермек.

Еркебұлан ЖАУЛЫБАЕВ,
«AMANAT» партиясы саяси жұмыс департаментінің директоры

АЛАҢ

25 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында кезінде енгізілген «толық емес отбасы» санаты ажырасулардың күрт өсуіне ықпал еткенін мысалға келтіріп, мұндай қадамдардың қоғамға зиян тигізгенін айтты. Президенттің пікірінше, әлеуметтік салада оңтайлы шешім қабылдаудың орнына, Үкімет кемінде 15 жыл бойы әлеуметтік масылдық пен әлеуметтік алаяқтыққа жол беріп келген. Шынымен де, қоғамда жәрдемақы мен үй алу үшін қағаз жүзінде «өтірік» ажырасатындар көбейген. Ал олардың нақты санына жету мүмкін емес. Осыған орай, «АЛАҢ» айдарында арнайы сарапшылардың пікірін білдік.

— Былтыр еліміз бойынша 123,6 мың неке тіркелген және 40,5 мың отбасы ажырасқан екен. Жалпы, ешкім ажырасамын деп үйленбейді ғой. Шаңырақтың шайкалуына не себеп болуы мүмкін?



Жаркынбек АМАНТАЙҰЛЫ,
Мәжіліс депутаты,
«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

— Расымен де, бұл — өте күрделі тақырып. Жоғарыдағы статистика

ажырасу мәселесінің қоғамда ұшығып тұрғанын көрсетіп тұр. Былтыр отбасы құндылығына байланысты депутаттық сауал көтергенде 150 мыңдай неке тіркелген жылдары 50 мың отбасының ажырасқанын анықтадық. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша 2024 жылы әлемде ажырасу деңгейі ең жоғары бес елдің бірі — Қазақстан. Деректерге сүйенсек, ажырасу көрсеткіші 1000 адамға шаққанда 2,3 адамды құрайды. Тіпті, кей жылдары Қазақстанда әрбір үшінші неке ажырасумен аяқталды. Ажырасқан отбасылардың көп бөлігі — 73,1 пайызы қала тұрғындары.

Бұл қоғамда отбасы құндылығы институтын дамыту керегін көрсетеді. Ажырасудың себебі жоқшылықтан, әлеуметтік жағдайдан немесе отбасылық зорлық-зомбылықтан ғана емес. Ажырасу процесі қоғам түсінігіндегі құндылықтарға байланысты. Өкінішке қарай, біздің қоғамда отбасын сақтап қалу үшін күрес басты ұстаным болмай қалды.

Оған қоғамда түрлі жолмен насихатталып жатқан ұлттық болмысымызға жат ұстанымдар әсер етуде. Яғни, отбасының машақатын тартқанша ешкімге тәуелсіз, еркін өмір жақсырақ деп ойлайтын жастардың буыны пайда болды. Мұндай үрдіс әлемнің көп елдерінде етек алған. Мысалы, жастардың осындай ұстанымынан Қытай, Оңтүстік Корея, Жапония елдерінде демографиялық жағдай төмендеп кеткен.

Отан отбасынан басталады десек, жастардың үйленуден аяқ тартуы, шаңырақтардың он-пайы шайкалуы ұлттық қауіпсіздігімізге қатер екені анық.

Жаһандандудың салдарынан құндылықтар орны ауысып жатқанының бір көрінісі — осы. Отбасы құндылығын сақтаймыз десек, ұлттық идеологиямызда осы мәселеге баса мән бергеніміз жөн.

Әу баста ата-ана екі баласының бақытты шаңырағы үшін шығындалып, дүбірлі той жасайды. Жастар да ажырасамыз деп ойламайды. Бірақ санадағы түсініктің қалыптаспағаны, ұлттық тәрбиенің таяздығы жаппай ажырасуға әкеліп отыр. Сондықтан отбасын құрудың маңызын жастардың бойына терең сіңіріп, жастайынан жауапкершілік жүгін арту керек деген ойдамын.



Әйгерім ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ,
халықаралық құқық магистрі:

— «Қазақстан отбасылары» ұлттық баяндамасына сүйенсек, некенің шайкалуына ең жиі аталған драйвер-

лердің бірі — қаржылық қысым. Табыстың тұрақсыздығы, қарыз, инфляция үй ішіндегі стресті күшейтеді. Баяндама респонденттері ажырасу себептерінің алдыңғы қатарына дәл осыны қояды. Екінші, балаларды тәрбиелеу жөніндегі келіспеушіліктер. Тәрбиелеу стилі, оқу-денсаулық шығындары, уақыт бөлу — конфликт триггерлері. Үшінші, зиянды әдеттер мен тәуелділіктер (алкоголь, құмар ойын, т.б.) және олардың отбасының қаржылық жағдайына тікелей соққысы. Төртінші, ата-аналардың (кеңейтілген отбасының) шамадан тыс араласуы. Шекараның бұзылуы ерлі-зайыптылар автономиясын әлсіретеді. Бесінші, үй еңбегі мен күтімнің тең бөлінбеуі — әйелдердің «екінші ауысым» жүктемесін арттырып, жанжалға жол ашады, бұл тренд рөлдердің дәстүрлі бөлінісі басым екенін көрсететін гипотезамен ұштасады. Алтыншы, экономикалық тәуелділік пен институционалдық қолжетімділік (балабақша, денсаулық сақтау) мәселелері ата-ана болуды қиындатып, отбасылық тұрақтылыққа әсер етеді. Жетінші, зорлық-зомбылық пен психологиялық қысым — медиа мен қоғамның ашықтығы арқан сайын көрініп, кетуге (safety first) итермелейді. Зерттеулер жаңа медиа тұрмыстық зорлық ықтималдығын азайтуға да, проблемаларды жария етуге де әсер ететінін атап өтеді.

Меніңше, бұл сандар мен себептер бір ғана фактіні көрсетеді: қазақстандық отбасы институты — тек жеке адамдардың таңдауы емес, әлеуметтік саясаттың айнасы. Егер

мемлекет бала күтімі қызметтерін (балабақша, мектепке дейінгі білім, демалыс жүйесі) қолжетімді етпесе, егер гендерлік теңдік тұрмыс деңгейінде қамтамасыз етілмесе, отбасының тұрақтылығын тек «құндылықтармен» сақтау мүмкін емес. Біздің қоғамда жиі айтылатын «әйел шыдауы керек» немесе «еркек асыраушы» деген стереотиптер отбасындағы теңсіздікті заңдастырып тұр. Бұл теңсіздік экономикалық та, эмоционалдық да жүктемені арттырады.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЖЫРАСУҒА СЕБЕП ПЕ?

Сондықтан да бүгінгі күннің басты сабағы — отбасылық саясатты гендерлік теңдік принциптеріне сай қайта құру.



Балабек САҚТАҒАНОВ,
психолог:

— Әр жүй үйленген кезде «бақытты боламыз» деген мақсатпен отбасын құрады. Бірақ қоғамда ажырасу мәселесі күн тәртібінде тұр. Ажырасуға не себеп? Бірінші, күйеуі мен әйелінің арасындағы қарым-қатынастың әлсіздігі. Көп жағдайда олар бір-бірінің тұлғалық ерекшеліктерін, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын елемейді. Кей кезде айтайын деген ойларын бір-біріне толық жеткізе алмайды. Араларындағы диалогта: «Мені түсінбедің» деген пікір жиі кездеседі. Сондықтан ерлі-зайыптылар отбасылық мәселеде бір-бірін тыңдап, ашық сөйлесе білуі маңызды. Отбасын сақтап қалуға ұмтылуы керек. Ажырасудың екінші себебі, қаржылық мәселелер. Кейбір отбасылар несие алып, той жасап соңында

— Қоғамда әлеуметтік жәрдемақы мен үй алу үшін қағаз жүзінде ажырасып, бірақ шын мәнінде бірге тұрып жатқан отбасылар бар. Олардың статистикасына жету де мүмкін емес. Бірақ осындай китүрқы әрекеттер бүкіл елдің статистикасына кері әсер ететін фактор емес пе?

Жаркынбек АМАНТАЙҰЛЫ:

— Елімізде толық емес отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі адамға, басқа да әлеуметтік осал топтарға арнайы әлеуметтік төлемдер кең көлемде қарастырылған. Бірақ мемлекеттік көмекті басқа мақсатта пайдаланып жүргендер бар. Атап айтсақ, жалған ажырасу, яғни құжат жүзінде жалғызбасты анаға айналу арқылы әлеуметтік көмекке ие болу етек алуда. Әсіресе, көзі ашық, заңнан хабары бар, түрлі қызметте жүрген адамдар осындай қадамға барып жүргені өкінішті. Бүгінде қоғамда немесе құқық қорғау органдарында жалған ажырасқандарды анықтайтын тетік жоқ. Естеріңізде болса, былтыр осы тақырыпта депутаттық сауалымда жалған ажырасушыларды анықтау тәсілін қарастыру қажет деген пікірді Үкіметке жолдадым.

Мемлекеттік көмекті басқа мақсатта пайдаланып жүргендер бар. Атап айтсақ, жалған ажырасу, яғни құжат жүзінде жалғызбасты анаға айналу арқылы әлеуметтік көмекке ие болу етек алуда. Әсіресе, көзі ашық, заңнан хабары бар, түрлі қызметте жүрген адамдар осындай қадамға барып жүргені өкінішті.

соны төлей алмай соңы жанжалмен аяқталады. Үшіншісі, мінез-құлықтың екі түрлі болуы. Жастар көзсіз ғашық болған кезде бір-бірінің тек жақсы жақтарын көреді. Ал жаман жағы тұрмыс құрғаннан кейін өзгерер деп өздерін алдайды. Бірақ уақыт өте келе екі адамның да бетпердесі шешіліп, «мен сені мұндай деп ойламаппын» деген диалогтарға ұласады. Төртінші себеп, қазіргі қоғамда ерлі-зайыптылар отбасыдағы өз рөлдерін білмейді. Ер адам отбасының қамқоршысы, асыраушысы, қорғаушысы болса, әйелі — отбасының ұйтқысы. Бірақ екеуі де өз рөлін білмегендіктен, «тек менікі зан» деп көшбасшылыққа таласады. Міндеттерін бөлісе алмайды. Ал қайта-қайта жанжалдасудың соңы ажырасуға әкеледі. Бесінші себеп, екі жастың ортасына туыстарының араласуы. Әсіресе, жігіттің әке-шешесі, ағайыны мен достары «әйелің сондай» деп үнемі ескерту жасауы, еркектің жүйкесіне әсер етіп, агрессияға ұласады. Қатты қызғаныш та ажырасудың бір себебіне жатады. Отбасының беріктігін сақтау үшін ерлі-зайыптының жеке отырып әңгімелесуі, оңаша уақыт өткізуі маңызды. Ажырасудың алдын алу үшін отбасы құратын жастарға «отбасы құндылықтары» жайлы арнайы ақпарат беру керек. Олар отбасылық кризис кезеңдерін, бала дүниеге келгеннен кейінгі міндеттерін толық түсініп барып, үй болуға тиіс. Алдарынан кездесетін қиыншылықтарды бірге отырып шешсе, кейін ол дағдыға айналып, ажырасу аязар еді. Ал отбасын сақтау мүмкін болмаса, психологтың қызметіне жүгінуі керек.

Өңір аралап жүрген уақытта жергілікті жердің әкімдері жалған ажырасу фактісі көбейгенін қаперімізге тағы салды. Шыны керек, өтірік ажырасқандардың көздегені — оңай жолмен пайда табу. Мәселен, 2015 жылы ресми ажырасып, мемлекеттен көмек алып, әлеуметтік осал топтың қатарына еніп, тұрғын үй кезегінде тұрған отбасыларда 2017, 2020 жылы ортақ балалары дүниеге келіп, әкесінің тегін алған. Тіпті, ағайын-туысы да көрші-қоланы да олардың ешқашан ажыраспағанын айтқан.

Мұндай әрекет азаматтардың бойында масылдық психологияның қалыптасуына алып келуде. Сондықтан Мемлекет басшысының Жолдауда айтқан ұстанымын толық қолдаймын.

Әйгерім ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ:

— Иә, ынталандыру дұрыс қойылмаса, мұндай «стратегиялық ажырасулар» белгілі бір көрсеткіштерге қиғаштық енгізеді. Бірақ ол жалпыұлттық трендті толық түсіндіретін фактор емес, көбіне бұл жергілікті әрі арнайы қателік (measurement bias) болуы ықтимал. Дәл өлшеу қиын, өйткені бұл көлеңкелі мінез-құлық. Әлеуметтік көмек пен тұрғын үй саясатының шарттары кей санаттарға (аз қамтылған, көпбалалы, толық емес отбасы, ерекше қажеттілігі бар баласы бар отбасы) басымдық берсе, нәтижесінде заңды некесі бар отбасылар өзін «толық емес отбасы» ретінде көрсетуге мотивация алады. Тұрғын үй кезегіне тұруда «отбасы мүшелерінің атында баспана болмауы» талап етіледі. Бұл талап

«бірге тұратын жұбайларға» қолданылады, ал қағаз жүзінде ажырасса, ереже «жұбай» ретінде қарастырмауы мүмкін. Міне, «осал» жер — осында.

Балабек САҚТАҒАНОВ:

— Әрине, біздің қоғамда мұндай мәселенің бар екені жасырын емес. Кейбір отбасылар әлеуметтік көмек алу үшін осындай қадамға барады. Ал кейбір отбасылардың жағдайы шынымен де қиын болып, пайданын үстіне пайда тапқысы келеді. Бұл, әрине қоғам үшін қауіпті. Мемлекеттік статистиканың жоғарылауына әкеледі. Отбасына байланысты әлеуметтік ғылыми зерттеулердің бағытына да әсер етеді. Себебі өтірік ажырасқандардың санын анықтау мүмкін емес. Екінші, қоғамдағы отбасын енді құрған жастарға да кері әсерін тигізеді. Олардың арасында «бәрі ажырасып жатыр, бұл — қалыпты жағдай» деген стереотип қалыптасады. Мұндай мәселе балалардың психологиясына да әсер етеді. Себебі бала мектепте толық емес отбасы санатында түскі ас ішуі, арнайы көмек алуы мүмкін. Бірақ, шын мәнінде үйде ата-анасы бірге тұрып жүр. Сондықтан жасөспірім өз қатарластарына «өтірікші» болып көрінуден қорқуы, күйзеліске түсуі мүмкін. Тіпті, қағаз бойынша ажырасу ер адамның психологиясына да кері әсерін тигізеді. Себебі бала мектепте толық емес отбасы санатында түсініспеушілік пайда болса, «мені ұстап тұрған ештеңе жоқ» деп өзін жеңіл сезінеді. Кейбір отбасылар өтірік ажырасамыз деп опық жеуі де мүмкін.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында әлеуметтік саясаттағы олқылықтарға назар аударды. Президенттің айтуынша, толық емес отбасыға жеңілдік беру сияқты жасанды санаттар қоғамда масылдықты күшейтіп, ажырасу көрсеткішін күрт өсірген. Жалқаулық пен масылдық жол бермес үшін не істеу керек?

Жаркынбек АМАНТАЙҰЛЫ:

— Мемлекет басшысы осы мәселені көтеру арқылы қоғамдағы жағдайды үнемі назарда ұстап отыратынын көрсетті. Президенттің қиын жағдайда халықтың кейбірінің несиесін кешіріп, атаулы әлеуметтік көмек көрсетті. Сол кезде мемлекеттік қызметте және бизнесте жүрген жағдайы бар отбасылар тегін келетін үйлің кезегіне тегігін тауып тұрып алған. Тіпті, зәулім үйлерде тұрып атаулы әлеуметтік көмекті алудан да бас тартпай отырғандар қаншама?! Өтірікке құрылған неке отбасылық құндылықты да құлдыратып жіберетіні анық. Бұл да үлкен мәселе. Соңғы уақытта сот тәжірибесінде де «жалған ажырасу» деген тіркес жиі айтыла бастады. Бұл жағдай ерлі-зайыптылардың өтірік ажырасуын алдын алу маңызды екенін тағы да көрсетеді.

Бұл — шынайы мұқтаждар мен жетім-жесірлердің несібесіне ортақтасу. Шын мәнінде, бұл да алаяқтықтың бір түрі. «Ажырасам мемлекет мені өлтірмейді» деген ұғым пайда болды. Бұл шынайы ажырасу статистикасына да кері әсерін тигізіп отыр. Ажырасу мәселесін зерттегенде кейбір елдің тәжірибесін де қарадық. Айталық, елімізде отбасылар ажырасса, бала анасының қарауында қалады. Ал Түркияда отбасы ажырасса, бала әкесінің жанында қалады. Міне, сондықтан да Түркияда ажырасу аз көрінеді. Себебі анасы баласын тастап кете алмайды. Біз отбасын сақтап қалу үшін осындай арнайы тәртіп енгізіуіміз керек пе деген ой да келеді. Ал зорлық-зомбылық болса, оны әрине заңмен қарастыру қажет. Масылдыққа жол бермеу үшін әлеуметтік көмектердің тиімділігін қайта қарап, тексерісін күшейту керек. Бұл заңнама деңгейінде немесе министрліктің қаулысы негізінде қайта саралануы тиіс.

Бір кезде маңызды болған әлеуметтік көмек уақыт өте келе маңызын жоюы мүмкін. Сондай-ақ отбасы құндылықтарын дәріптейтін «Неке және отбасы туралы» заңында жалған ажырасуды реттейтін бап та, норма да жоқ. Міне, осы заңды жетілдіретін кез келді. Некені сақтау мен жалған некені алдын алуда халықаралық

тәжірибені саралап, тиімді тұстарын, сонымен қатар мемлекеттік тіркеусіз жасалатын діни неке және азаматтық некені реттеудің де тегігін қарастыратын уақыт жетті. Осы ретте жауапсыз тұлғалардан алимент өндіру ісін де жетілдіру аса маңызды.

Әйгерім ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ:

— Президент Жолдауында көтерілген мәселе — қоғамдағы әлеуметтік саясат пен отбасы институтының арақатынасына қатысты өте нәзік әрі күрделі түйін. Толық емес отбасыға жасанды жеңілдіктер беру немесе «масылдық» санатына жатқызу — мәселенің бетін ғана жапқанымен, түпкі себептерін шешпейді. Ажырасудың өсімі тек әлеуметтік жеңілдіктерден емес, экономикалық тұрақсыздықтан, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан, гендерлік теңсіздіктен, еңбек нарығында әйелдерге қатысты дискриминациядан да туындайды. Қазақстандағы ажырасу коэффициенті халықаралық орташа көрсеткіштен жоғары. Бұл тек жәрдемақы жүйесіне байланысты емес, жұмыссыздық, тұрғын үй тапшылығы, әлеуметтік инфрақұрылым жетіспеушілігі сияқты факторлардың күрделенген жиынтығы. Шартты әлеуметтік төлемдер (conditional cash transfers) Латын Америкасынан Еуропаға дейін кең таралған. Алайда зерттеулер көрсеткендей, олар ұзақмерзімді тәуелділік туындатуы мүмкін. Сондықтан басты фокус — көмек алушыны еңбек нарығына қайта қосу. Не істеу керек? Ең бірінші, әлеуметтік саясатты дәлме-дәл мақсаттау. Жәрдемақы «категорияға» емес, нақты әлеуметтік осал жағдайға байланысты көрсетілуі қажет. Бұл жалған ажырасу тәжірибесін де азайтады. Екінші, еңбек пен білім арқылы қолдау. Қолда бар ресурсты тек төлемақыға емес, қайта даярлау курстарына, икемді жұмыспен қамтуға, балабақша инфрақұрылымына жұмсау керек. Бұл адамдардың еңбекке қабілетін арттырады. Үшінші, отбасылық саясатты гендерлік тұрғыдан қайта қарау. Әйелдердің көсібік мансабын қолдайтын тетіктер (work-place-flexibility, жұмыстан тыс қолдау қызметтері) енгізілмей, ажырасуды азайту мүмкін емес. Соңғысы масылдықты емес, серіктестік жауапкершілікті ынталандыру. Қоғамда «еңбекке қабілетті адам әлеуметтік төлемді тек қысқа уақыт аралығында алады» деген қағида бекінуге тиіс. Бұл ретте азаматтарға тұрақты кіріс табуға мүмкіндік беру басты шарт.

Жалқаулық пен масылдықтың алдын алудың ең дұрыс жолы — адамдарды әлеуметтік саясат объектісінен экономикалық агентке айналдыру. Ал ажырасуды азайтудың кілті әйел мен ердің тең құқығын қамтамасыз ету, отбасылық қатынастарды тек моральдық емес, экономикалық тұрғыдан да әділ ету.

Балабек САҚТАҒАНОВ:

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында өзекті мәселені көтерді. Кейбір жеңілдіктер адамдардың неше түрлі китүрқылық ойлап табуына әкеліп отыр. Толық емес отбасыларға беретін артықшылықтар қоғамда масылдық психологиясын тудырады. Масылдыққа үйренген отбасы әдейі ажырасуы мүмкін. Жалқаулық пен масылдық болмауы үшін әлеуметтік қолдауды ашық және әділетті ету керек. Сонда шын мұқтаж ғана мемлекеттен көмек алар еді. Қағаз жүзінде ажырасып, бірге тұратын отбасылар қоғамға әділетсіздік жасап отыр. Әлеуметтік көмектен гөрі азаматтарға көбірек жұмыс орнын ашып, жалақыларын көбейтіп, біліктілігін арттыруға жағдай жасаған дұрыс. Азаматтар өз еңбегімен жақсы табыс тауып, отбасын асырай алса, өмірге деген қызығушылығы артып, отбасылық құндылық жоғарылайды. Ал масылдық психологиясы бар адамдардың өмір сүруге қызығушылығы да төмен болады. Олар тек «кәй жерде көмек бар?» деп қана ұмтылып, өмірінің басты мақсаты етіп алады. Отбасын құратын жастар бір ай бұрын арнайы курастан өтіп, отбасылы болуға дайындалу керек. Сонда олар отбасылық қиындықтардан жеңіл өтер еді. Қоғамда масыл болмауды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жиі насихаттау қажет. Азаматтар масылдыққа емес, еңбек етуге ұмтылуға тиіс.

Дайындаған
Көктем ҚАРҚЫН

ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

АҚЫЛДЫ МАШИНА АДАМНЫҢ ОРНЫН БАСА МА?

Президент Үкіметке жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, медицина қызметінің сапасын жақсартып, көлеміне мониторинг жүргізетін жаңа жүйе қалыптастыруды шегелеп тапсырды. Осы орайда «Қазіргі медицина түбегейлі өзгеріске дайын ба?» деген орынды сұрақ туады. Ал жасанды интеллект дәрігердің орнын алмастыра ала ма?



Саятхан Сатылған, Жамбыл облысы

Жамбыл облыстық Денсаулық сақтау басқармасы берген ақпаратқа сүйенсек, жасанды интеллект жүйесіне өзге өңірлер сынды жамбылдықтар да жүйелі көшуде.

— Өңірде жасанды интеллектіге негізделген жобалар, инфрақұрылымдық жаңғырту, кадрмен қамтамасыз ету және халыққа алғашқы медициналық көмекті жеделдету бағыттарында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Биыл ақпан айынан бастап Жамбыл облысында ЖИ технологияларына негізделген телерадиология жобасы іске қосылды. Облыстық Денсаулық сақтау басқармасы мен WDSOFT компаниясы бірлесіп, ТМД елдерінде баламасы жоқ бірыңғай радиологиялық ақпараттық жүйені қалыптастырды. 22 медициналық мекеме бір желіге біріктіріліп, радиологиялық зерттеулер орталықтандырылған форматта жүзеге асуда, — дейді басқарма басшысы Сержан Назарбек.

Маманның сөзінше, қазір жасанды интеллектінің көмегімен

диагноз дәлдігі артып, емделушілердің өмір сүру сапасы мен ұзақтығы жақсарып жатыр. Бұдан бөлек, 2023—2027 жылдарға арналған ұлттық кешенді жоспар аясында машиналық көру және когнитивті технологиялар енгізілуде. x-Eye Mammo сүт безі катерлі ісігін, x-Eye Toraks өкпе обырын ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект, тіпті 1 мм көлеміндегі түзілістерді де көре алады. Ал адам көзі әдетте 5 мм-ден үлкенін байқайды екен.

Осылайша, өңір медицинасы ЖИ-мен жұмыс істеуге толықтай бейімделуде. Ол ауруды ерте анықтап, лайықты ем-дом қабылдауға жол ашады. Алайда бұл жасанды интеллект дәрігерлерді толықтай алмастыра алады деген сөз бе? Медицина ғылымының докторы, профессор Сағындық Ордабековтің айтуынша, ЖИ-дің тиімді де, тиімсіз де тұстары бар.

— Қазір жаңа технологиялардың медицина саласында тигізіп жатқан пайдасы орасан. Егер заманауи құрылғылар болмағанда мидың қатпар-қатпар қуысында не болып жатқанын білмес едік. Дәл сондай ішкі құрылыста, бауыр мен бүйрек-

тің, өкпе мен жүректің жағдайын бақылауға мүмкіндік тумас еді. Бірақ бір ескерерлігі, ЖИ-ді де адам басқарады. Ал басқара алмаса оның арты түрлі жағдайға апарып соғуы мүмкін, — дейді.

Сарапшының ойынша, ЖИ-мен бірге келген жаңалықтың бірі — электронды медициналық карталар. Алайда білім саласындағы электронды күнделік тәрізді бұл да талай дәрігердің өкпе-ренішін тудыруда. Бұл карталар науқас туралы егжей-тегжейлі мәліметті сақтап, тіпті бақылап, көріп отыруға мүмкіндік береді. Бірақ оның қиыншылығы жоқ емес. Мәселен, дәрігер науқас қабылдауға арналған уақытының көп бөлігін әлгі картаны толтыруға, компьютерге енгізуге жұмсайды. Міне, жаңа технологиялық медицинаның бір кемшілігі — осы.

Медициналық бейнелеуде ЖИ құралдары компьютерлік томография, рентген сәулелері, магнитті-резонанстық томография (МРТ) және басқа да радиолог мамандар жіберіп алуы мүмкін мәліметтерді талдау үшін қолданылады. Өйткені мамандар кескіндердің зақымдалуы секілді кейбір ұсақ нәрселерді аңғармай қалуы ықтимал.

Сағындық Ордабеков жетілдірілген жасанды интеллект дәрігерлерді күнделікті қайталанатын ұсақ шаруалардан босататынына сенімді. Яғни, ЖИ-дің көмегімен дәрігер науқастарға көбірек көңіл бөле алады. Жасанды интеллект дәрігердің жұмыстан шаршауын баяулатып, медициналық қызмет көрсету сапасын арттырады. Бірақ науқасқа ең бірінші керегі ЖИ емес, дәрігер.

— Ауруға шалдыққан науқас үшін ең бастысы — адам көңілі. Оларға жаны ашитын, қалай қиналып жүргенін түсінетін дәрігер қажет. Дүниеде сырқаттан жаман нәрсе жоқ, мұндай сәтте адам өзін жалғыз сезінеді. Ал оны ойлайтын



кездеседі. Өз көзқарасын дәлелдеу мақсатында дұрыс байлам жасамау немесе немқұрайды қарау секілді адамға тән қасиеттердің кесірінен қателіктер жіберілуі мүмкін. Ал ЖИ-дің сараптамалық бағдарламасы сырқатты емдеудің жолын 100 пайыз сенімділікпен көрсетіп береді.

нен электрокардиография аппаратын ерекше атап өтуге болады. Ұлыбританияның BTL компаниясы өндірген ЭКГ аппараттары науқастың жүрек ырғағын тері арқылы тіркеп, оның нәтижесін лента бетіне шығарып қана қоймай, патологиялық ауытқуы бар-жоғына талдау жасап, қағазға басып шығарады. Бұл ЭКГ-ні талдаушы функционалдық диагностика дәрігерінің жұмысын біршама жеңілдетеді.

Хирургия саласында 2000 жылы АҚШ-тың Intuitive Surgical компаниясы шығарған Da Vinci ЖИ көмегімен жұмыс істейтін робот-хирург пайдаланылса, нейрохирургияда «гамма-пышақ» көмегімен күрделі оталар жасалып жатыр. Бұл да ЖИ мен дәрігердің үйлесімді жұмысының көрінісі.

Жүрек мониторлары сияқты медициналық құрылғылар өмірлік маңызды белгілерді бақылай алады, ал ЖИ осы құрылғылардан деректерді жинап, сепсис сияқты күрделі жағдайларды анықтайды. Мәселен, жапондық ғалымдар IBM бағдарламасы көмегімен шала туған нәрестелерді болжау үшін ЖИ үлгісін әзірлеген. Ол 75 пайыздық дәлдікті көрсеткен.

Тағы бір тың жаңалық, жыл басында Қытайдың Хэньань қаласында науқастарға нақты диагноз қоя алатын жасанды интеллект жұртшылыққа таныстырылды. Әлгі бағдарламалық жүйе 4-8 секундтың ішінде 100 клиникалық жағдайды сараптап, еркейсына жеке диагноз қойып шыққан. Сонда ақылды технология екеуінде ғана қателік жіберген. Қалғанында дәрігердің қойған диагнозымен бірдей қорытынды шығарыпты.

Міне, байқағанымыздай, жасанды интеллектінің медицина саласындағы рөлі маңызды. Алайда «ақылды» технологияның өзін адам ақылмен пайдалану керек. Ең бастысы, жасанды интеллект қаншалықты дәлдіктенді диагноз қойса да, адам өмірі мен денсаулығына келгенде дәрігердің шешіміне жүгінгеніміз абзал.



Хирургия саласында 2000 жылы АҚШ-тың Intuitive Surgical компаниясы шығарған Da Vinci ЖИ көмегімен жұмыс істейтін робот-хирург пайдаланылса, нейрохирургияда «гамма-пышақ» көмегімен күрделі оталар жасалып жатыр. Бұл да ЖИ мен дәрігердің үйлесімді жұмысының көрінісі.

дәрігер болмаса, жағдай тіпті күрделенеді. Сол себепті денсаулық сақтау саласында алдымен адамгершілікке көңіл бөлуіміз қажет. Ал ЖИ-де адамдық сезім болмайды. Сондықтан қаншалықты тиімді болғанымен, оның дәрігер мен науқастың қарым-қатынасына кері әсер етуі мүмкін, — дейді сарапшы.

ЖИ-дің медицинада қолдануға қатысты тағы бір мысалды келтірсек, рентгенологтар көп уақытын науқастардың рентген кескіндерін зерттеуге жұмсайды. Бұл мамандық иесіне біліктілігін жетілдіру үшін көп жыл қажет. Соның өзінде де ауруды анықтау қиынға соғатын жағдайлар

Негізі, ЖИ мен дәрігердің үйлесімді жұмыс істеуіне мүмкіндік мол. Мәселен, ЖИ онкологиялық ауруды тексеруден өткізгеннен соң «мына науқасты химиотерапиямен емдеудің тиімділігі — 97 пайыз, сәулелік терапияның тиімділігі — 78 пайыз, дәрі-дәрмекпен емдеу — 56 пайыз» деп дәрігерге бағыт береді. Кейде қолданылатын дәрі-дәрмектің дозасына дейін көрсетеді. Тіпті, қарастырылып отырған ем-домның неше жылға дейін сәтті болатынын да айтып береді. Алайда әрі қарай емдеу тактикасын дәрігердің өзі шешеді.

ЖИ көмегімен жұмыс істейтін медициналық құрылғылардың іші-

болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау саласындағы өкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары; 7. өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары; 8. әлеуетті өнім берушінің тікелей қарамағында немесе одан тыс мекемелерде жұмыс істейтін, сапаны тексеруге жауапты техникалық қызметкері немесе техникалық ұйымдары туралы құжаттар; 9. құжаттардың ішінде құрылыс және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылысты бақылау немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе сәулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжаты талап етіледі.

Бұдан басқа, жұмыстарды орындау барысында, мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсынуы қажет. Жұмыстарды орындау барысында, дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

10. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKZZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты: Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 02.10.2025 ж. (12:00), 201-кабинет.

«Қазақтелеком» АҚ филиалы «Желі дивизионы» 1-МЖТТ 5 бірлік көлік құралдарын сату бойынша аукцион өткізетінін хабарлайды.

1. Нысандардың сипаттамасы: — УАЗ-3909, 2003 ж.ш. толығымен металл — 137 700 тг., күрделі жөндеуді қажет етеді; — УАЗ-3909, 2003 ж.ш. толығымен металл — 269 500 тг., күрделі жөндеуді қажет етеді; — УАЗ-390902, 2006 ж.ш. толығымен металл — 191 333 тг., күрделі жөндеуді қажет етеді; — УАЗ-39094 фермер, 2005 ж.ш. — 220 867 тг. күрделі жөндеуді қажет етеді; — УАЗ-390942 фермер, 2003 ж.ш. — 287 583 тг., күрделі жөндеуді қажет етеді.

2. Аукцион өткізілетін орын: Алматы қаласы, Ермак көшесі 17, 1-МЖТТ. 3. Сауда әдісі — ағылшын тәсілі. 4. Аукцион өткізу күні мен уақыты: 28.10.2025 ж., 14 сағ. 00 мин. 5. Кепілді жарнаны аукционға қатысушылар келесі деректемелер бойынша сатушының банктік шотына ақша аудару арқылы төлейді: «Қазақтелеком» АҚ филиалы, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Есенова көшесі 23/7; БСН 940241000314, БСК HSBKZZKX, ЖСК KZ63601A861011913761 (KZT), «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, КБЕ16, сату нысананың бастапқы (бастапқы) бағасының 5 бес пайызы мөлшерінде.

Сатып алушы аукционға бірнеше нысан бойынша қатысқан жағдайда кепілді жарна ең жоғары бастапқы (бастапқы) бағасы бар бір нысан бойынша бастапқы (бастапқы) бағаның 10 пайызы мөлшерінде төленеді. Кепілді жарнаны аукционға қатысушы аукцион басталғанға дейін 1 (бір) күнтізбелік күннен кешіктірмей төлеуге тиіс.

6. Сатып алынған нысанға ақы төлеу талаптары: сатып алушы сатып алу-сату шарты жасалған күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде көлік құралына төлемді жүзеге асырады.

7. Өтінімдер аукцион өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2025 жылғы 28 қазанға дейін сағат 08-30-дан 17-30-ға дейін 1-МЖТТ, Алматы қаласы, Ермак көшесі 17 мекенжайында қабылданады.

8. Барлық сұрақтар бойынша мына мекенжайға хабарласуға болады: Алматы қаласы, Ермак көшесі 17, анықтамалар үшін телефондар: 8(727) 384-46-86 8(707) 201-62-01.

ТУСМ — 1 Объединения «Дивизин «Сеть» филиала АО «Казакхтелеком» объявляет о проведении аукциона по реализации 5-ти единиц транспортных средств.

1. Описание объектов: — УАЗ-3909 цельнометаллический 2003 г.в. — 137 700 тг., требуется капитальный ремонт; — УАЗ-3909 цельнометаллический 2003 г.в. — 269 500 тг., требуется капитальный ремонт; — УАЗ-390902 цельнометаллический 2005 г. в. — 191 333 тг., требуется капитальный ремонт; — УАЗ-39094 фермер 2005 г.в. — 220 867 тг., требуется капитальный ремонт; — УАЗ-390942 фермер 2003 г.в. — 287 583 тг., требуется капитальный ремонт.

2. Место проведения аукциона: г. Алматы, ул. Ермака 17, ТУСМ-1. 3. Метод торгов — английский. 4. Дата и время проведения аукциона: 28.10.2025 г., 14 час. 00 мин.

5. Гарантийный взнос вносится участниками аукциона путем перечисления денег на банковский счет продавца по реквизитам: Объединение «Дивизин «Сеть» филиал АО «Казакхтелеком», Республика Казахстан, 050002, г. Алматы, ул. Есенова 23/7; ИИК KZ63601A861011913761 (KZT), БИК HSBKZZKX, БИН 940241000314, АО «Народный Банк Казахстана» КБЕ 16, в размере не менее 5 (пяти) процентов от начальной (стартовой) цены объекта продажи. Если Покупатель участвует в аукционе по нескольким объектам, гарантийный взнос вносится 10 (десяти) процентов начальной (стартовой) цены за один объект с наибольшей начальной (стартовой) ценой. Гарантийный взнос должен вноситься участником аукциона не позднее 1 (одного) календарного дня до начала аукциона.

6. Условия оплаты по приобретенному объекту продажи: покупатель в течение 5 (пяти) банковских дней со дня заключения договора купли-продажи производит оплату за транспортное средство.

7. Заявки принимаются со дня опубликования объявления о проведении аукциона до 28.10.2025 года с 08-30 до 17-30 часов по адресу: г. Алматы ул. Ермака 17 ТУСМ-1.

8. По всем вопросам обращаться по адресу: г. Алматы ул. Ермака 17, телефоны для справок: 8(727) 384-46-86, 8(707) 201-62-01 (по техническим вопросам).

ДОДА

25 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ

Келесі аптада Коңтүстік астанадағы стадионда күллі қазақ жұрты тағатсыздана күткен дода өтеді. Алматыға Испанияның әлемге әйгілі командасы «Реал Мадридтің» табаны тиеді. Алыс-жақын шетелдегі футболболсүйер қауым маңызды кездесуді тамашалау үшін елімізге көз тігеді. Расында, бұл қазақ футболы үшін тарихта таспаланатын кезең болмақ.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Өткен аптада «Кайрат» футбол клубы Чемпиондар лигасының жалпы кезеңіндегі алғашқы кездесуін Португалияның Лиссабон қаласында өткізді. «Спортинг» командасына қарсы матчта 4:1 есебімен есе жіберді. Десек те, алғашқы ойынның өзінде команданың 18 жастағы қақпашысы Шерхан Қалмұрза Еуропаның назарына ілініп, турнир тарихында пенальти қайтарған екінші ең жас ойыншы атанды. Алда «Кайратты» өзге де алпауыт командалармен өтетін маңызды кездесулер күтіп тұр.

UEFA Чемпиондар лигасы — Еуропадағы ең беделді турнир. Ойын аумағы Еуропа құрлығын қамтығанымен, жанкүйерлердің белгіленген шекарасы жоқ. Әсіресе, финаллы әлем бойынша жүздеген миллион көрермен тамашалайды. Өткенге шегінсек, турнирдің тарихы сонау XX ғасырдың ортасынан басталады. Алғаш 1955 жылы «Еуропа чемпиондары кубогы» деген атаумен басталған турнир кейіннен 1992 жылы UEFA Чемпиондар лигасы болып өзгерді. Бұл кезеңде жарыстың форматы да жанарып, топтық кезең енгізілді. Ал 2000 жылдардан бастап турнир әлемдегі ең танымал спорттық шаралардың біріне айналды.

Ең қызығы, Чемпиондар лигасы тарихындағы алғашқы жеңімпаз және жеңіс тұғырынан ең жиі көрінген команда — «Реал Мадрид». Аталған клуб 1956-1960-жылдары қатарынан бес рет жеңіске жетті. Бүгінде мадридтік команда Чемпиондар лигасының 15 дүркін чемпионы атанып, ешбір клуб қол жеткізбеген рекорд орнатып отыр. Құрамында жаһандық деңгейдегі футбол әлемінің жұлдыздары ойнайтын команданың қаржылық әлеуеті де орасан екенін атап өткен жөн. Сарапшылардың бағамдауынша, «Реалдың» жылдық бюджеті, тіпті кейбір



ОРЫНДАЛАТЫН АРМАН

Орталық стадионда ұлттық құрама мен «Кайраттың» талай тарихи ойындары өткенін білеміз. Алайда Алматыдағы алаңда осыған дейін халықаралық кездесулер болса да, Чемпиондар лигасы деңгейіндегі матчтарды өткізу үшін стадион қатан талаптарға сай келуге тиіс. Орталық стадион шамамен 23 мың көрерменге есептелген. Бұл қалыпты көрсеткіш болып көрінгенімен, Еуропадағы танымал клубтар ойнайтын ареналардың сыйымдылығы 70-80 мыңнан асады.

Көршілес мемлекеттерге көз салып қарасақ, мәселен Әзербайжан астанасы Бакуде 2015 жылы ашылған Baku Olympic Stadium 70 мың адамға арналған. Ауқымды арена әубаста UEFA, FIFA, IAAF стандарттарына сай жобаланған. Ал өзбек халқының ең үлкен ареналарының бірі — Ұлттық стадион 34 мың орыннан тұрады. Одан бөлек, қазір Қырғызстанда 50 мыңнан астам көрерменге арналған стадион салынып жатыр.

Кейінгі жылдары «Орталық стадион бірнеше рет жөндеуден өтсе де, барлық талапқа бірдей жауап бере алады» деп айту қиын. Бұл тек мегаполисте емес, республика бойынша спорт инфрақұрылымына қатысты түйіні тарқамаған түйткілдердің барын көрсетеді. Сонымен бірге Чемпиондар лигасының матчын қабылдау алдында стадионның ауқымы мен толыққанды жабдықталуы ғана емес, әуежайдан бастап қонақүйге дейінгі логистика, жанкүйерлерді орналастыру, қаладағы қауіпсіздік мәселесі де айтарлықтай маңызды орынға ие. Осы тұрғыдан қарасақ, Алматы үлкен сынақ алдында тұр.

Алматыдағы стадион мәселесіне қатысты берген жауабында Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев матч алдында барлық ескерту ескерілгенін мәлімдеді. Ескертулер негізінен алаңның жағдайына, трибуналарды жабдықтауға және ойынды қадағалайтын UEFA өкілдеріне



жүргізілгенін, бұрын санитарлық-гигиеналық талаптарға жеңіл-желпі жөндеу жүргізілсе, қазір олар күрделі жөндеу жұмысынан өткенін жеткізді. Сонымен дирекция өкілдері Чемпиондар лигасының матчтарын өткізуге Орталық стадион сакадай сай екенін айта кетті.

UEFA Чемпиондар лигасы аясында өтетін алдағы матчтар «Кайраттың» Еуропа алдындағы имиджіне, қазақ футболының халықаралық аренадағы беделіне қалай әсер етуі мүмкін? Ал «Реал Мадрид» мен «Кайрат» арасында өтетін ойында қазақстандық команданың қазіргі құрамы мен тактикалық мүмкіндіктері испан алпауыттарына төтеп бере ала ма? Сарапшылардың болжамына сүйенсек, қарсыластар арасындағы айырмашылық айқын болғанымен, кейде футболда күтпеген нәтижелер болып жатады. Футболдың ең қызық тұсы да сол — болжап болмайтын сәттер. Сондықтан спорт сарапшылары алдағы кездесуді әртүрлі қырынан бағалап отыр.

Белгілі журналист, спорт комментаторы Есей Жәнісұлы жалпы кезең бойынша өтетін матчтарға байланысты негізгі мәселе — «Кайраттың» қай алаңда ойнаса да, бастысы гол соғып, Қазақстанның қоржынына ұпай салуға, үздік 24 команданың қатарына енуге тырысуы екенін алға тартты. Одан бөлек, журналист алматылық командаға қатысты ойландыратын мәселе бар екенін де қоса айтты.

— «Кайрат» командасы Чемпиондар лигасының жалпы кезеңіне шығуға әбден лайықты болды. Сондықтан біз жарыстың негізгі кезеңіне шығып алып, «Кайрат» қарсыластарына түгел ұпай таратып береді және матчқа қатысқаны үшін риза болады десек, өз рухымызды түсіргеніміз болып саналады. «Кайраттың» қазіргі құрамы мен тактикалық мүмкіндіктері кез келген командаға төтеп бере алады. Сондықтан қарсыластар испан, португал немесе кипрлік команда болса да, жанкүйер ретінде ешқайсысынан қорықпаймын. Ең бастысы «Кайрат» ішкі қиындықтарды еңсере отырып, мұндай ойындарға жігермен шықса екен деймін.

Әрбір ойын бапкердің шешіміне және қандай тактика қолданытынына байланысты.



Бұл тұрғыда Рафаэль Уразбахтинге сенемін. Алайда «Кайратта» бір ғана алаңдататын мәселе бар. Ол — ізбасарлардың аздығы. Мәселен, қазір клубтағы екі бірдей қақпашымыз жаракат алды. Енді олардың орнына алдағы маңызды кездесулерде 18 жастағы Шерхан Қалмұрза ойнауға тиіс. Сондықтан бұл мәселеге келгенде клубқа жастар командасындағы балаларды тартуға тура келеді. Бірақ «Кайраттың» барынша қадірлік проблемаларға тап болмай-ақ қоюын тілейміз, — деді Е.Жәнісұлы.

Мадридтік клубқа қарсы ойынды «Кайрат» өз алаңында өткізеді. Десе де, бұл артықшылық барлық матчта оң нәтиже бере бермейді. Спорт сарапшылары әлемдік деңгейдегі клубқа қарсы бұл фактордың ықпалы аз екенін, тіпті жеңіс тұғырынан көріну үшін ешқандай кедергі болмайтынын атап өтті.

— «Кайрат» қаңтар айының соңына дейін төрт ойынды өз алаңында өткізеді. Егер «Реалдың» тұрғысынан алып қарайтын болсақ, «Кайраттың» матчты өз алаңында өткізуі ешқандай рөл ойнамайды. Бұрын сырт алаңда соққан бір гол екі голға бағаланушы еді, қазір мұндай әңгіме жоқ, — деді ол.

Кейінгі уақытта еліміздің халықаралық масштабтағы жобаларды қабылдау заманауи талаптарға сай инфрақұрылымды қажет ететінін, ал жауапты мамандар жұмысты елі де жетілдіруге тиіс екенін айқындады. Бұл тұрғыда Есей Жәнісұлы спорттағы инфрақұрылым мәселесі көңіл көншітпейтінін және түйткілді шешу үшін кешенді түрде әрекет ету қажет екенін айтты.

— Қазір жаттығу базаларының жағдайы ақсап тұр, тіпті көптеген команданың академиялары жоққа тән. Дегенмен бүгінге дейін қисапсыз қаражат бөлініп келді. Біз осының бәрін енді ғана қорытынды шығарып жатырмыз. Инфрақұрылым мәселесін мемлекет мүддесі тұрғысынан жүйелі түрде шешу маңызды, — деді Е.Жәнісұлы.

Ал спорт сарапшысы Бек Төлеу алдағы ойында «Реал Мадридтің» негізгі құрамының бірқатар ойыншысы сапта болатынын, нәтижесінде қарсылас команда бірнеше доп айырмасымен жеңіске жетуі мүмкін екенін болжап отыр. Сарапшының сөзінше, жанкүйерлер бұл кездесуді Қазақстан үшін футбол мерекесі ретінде қабылдауы қажет. Себебі мадридтік клуб Алматыға күнде келе бермейді, тіпті бұдан кейін жолы түспеуі де мүмкін.

— «Реал» — әлемдік бренд. Оларға дүниежүзінде тен келетін командалардың өзі санаулы. Сондықтан дәл қазір «Кайратқа» бастысы жанкүйерлердің көңілін қалдырмайтын ойын көрсетіп жатса да жеткілікті. Алматы клубы өз тарихында

алғаш рет Чемпиондар лигасының жалпы кезеңіне шығып отыр. Сондықтан олардан бірден жоғары нәтиже талап етуіміз орынсыз болады. «Кайраттың» толық құрамы «Реалдың» бір ойыншысының құнына жетпейді. Дегенмен кейде корольдік клубтың әлсіздерден сүрініп жататыны бар. Молдованың «Шериф», Ресейдің ЦСКА клубтары осы сөзімізге дәлел. Доп дөңгелек, жасыл алаңда бәрі болуы мүмкін, — деді Б.Төлеу.

Спорт сарапшысының болжамынша, мадридтіктер үшін басты кедергінің бірі — Алматы тауларының қысымы болуы ықтимал. Алайда бұл қарсы тарапты тұсаулап, ойын нәтижесіне елеулі өзгеріс енгізеді деуге келмейді.

— «Реал Мадрид» өзінің жеке ұшағымен, арнайы аспаздарымен келеді. Сондықтан олар матчқа жоғары деңгейдегі дайындықпен шығады. Құрам сапасына келсек, «корольдік клуб» Чемпиондар лигасын 15 рет жеңіп алған тәжірибелі ұжым ретінде бұл турнирді үлкен мәртебе санайды. Сол себепті олар «Кайратқа» да, өзге қарсыластарына да бірдей қарайды. Басты көздейтіні — гол соғу. Команда құрамын жасақтауға келер болсақ, бұл ұлттық құрама емес. «Кайраттың» хаттамасында 25 ойыншы бар. Соның арасынан дайындығы жақсы және жаракаты жоқ футболшылар матчқа шығады. Бас бапкер Рафаэль Уразбахтинге бәрі белгілі. Қазір командаға уақыт тығыздығы мен ойыншылардың жаракаты ғана кедергі келтіріп жатыр. Әсіресе, негізгі екі қақпашысының жаракат алуы үлкен соққы болды, — деді спорт сарапшысы.

Қос команда арасындағы матч «Кайрат» клубы мен Алматы шаһарының әлем алдындағы халықаралық беделін арттыруға, билет сатылымы мен туристер ағыны қала экономикасына айтарлықтай пайда әкеледі. Онымен қоса, Бек Төлеу ойыннан келіп түсетін қаражат «Кайраттың» қосымша қаржы табуына жол ашатынын атап өтті.

— Тағы да қайталап айтам, «Реал Мадрид» сияқты ауқымды клубтың Алматыға келуінің өзі — үлкен жетістік. Мадридтік команданың Instagram парақшасының өзінде 177 миллионнан астам жазылушысы бар. Басқа да әлеуметтік желілердегі аудиториясын қоса есептесек, бұл көрсеткіш олан да жоғары. Демек, олардың әрбір жаналығы әлемге таралып, «Кайратқа» назар аудартады. Бұл — қазақ футболының халықаралық имиджін көтеретін фактор. Сонымен қатар «Кайраттың» Чемпиондар лигасының негізгі кезеңіне өтіп, 36 үздік клубтың қатарынан табылуы — зор жетістік. Мысалы, Өзбекстан құрамасы әлем чемпионатына шыққаны үшін 12 миллион еуро көлемінде қаржы алды. Ал «Кайраттың» өзі Еуропаға шыққаны үшін 18 миллион еуро табыс тапты. Әрине, мұның өзі қоматқы сома, ал әрбір жеңіс пен тең ойын үшін қосымша қаражат қарастырылған. Қазір клубқа қолдау танытып отырған компанияларды да көріп отырмыз. Мәселен, Aig Astana әуекомпаниясы Чемпиондар лигасына шыққаны үшін «Кайратқа» ұшағын тегін беріп жатыр. Бүкіл жарнама беруші осындай жерде табылып, өздерін көрсеткісі келеді, — деп сөзін түйіндеді Б.Төлеу.

Спорт журналисті Аслан Қаженов те әріптесінің пікірімен келіседі. Оның сөзінше, билеттер сатылымға шыққан бойда «солд-аут» болады, сондай-ақ Чемпиондар лигасының жалпы кезеңі аясында өтетін алдағы матчтар шағын бизнес иелерінің кәсібін дөңгелетуге қолайлы жағдай туғызады.

— Билет құны салыстырмалы түрде қолжетімді болды. Себебі осыған дейін билет бағасы 500 мың теңгеге дейін жетуі мүмкін деген болжамдар айтылды. Бұл Чемпиондар лигасының ойыны болғандықтан, 30 000-250 000 теңге аралығы лайықты баға деп ойлаймын. Билет сатылымынан келетін қаржы «Кайраттың» қазынасына түседі. Қаражат клубтың «жиртығын жамауға» көмектеседі. Ал ойын нәтижесіне келер болсақ, әрине бұл жерде фаворит «Реал» екенін ескеру керек. Қандай нәтиже болмасын «Кайратқа» ренжудің реті жоқ. Команданың Чемпиондар лигасының топтық кезеңіне түсуінің өзі отандық футболдағы үлкен жеңіс деуге болады. Енді алдағы матчтарда футболшылар мен бапкерлерді сөкпей, тек ойыннан ләззат алу керек деп ойлаймын. Меніңше, ойында «Реал» жеңіске жетеді, тіпті есеп айырмасы үлкен болуы мүмкін, — деді А.Қаженов.



ұлттық федерациялардың мүмкіндігінен әлдеқайда асып түседі. Демек, мұндай алып клуб «Кайрат» үшін онай шағылар жанғақ болмайтыны анық.

Енді Қазақстан алда төрт бірдей ойынды өз алаңында өткізеді. Бұл тұста Қазақстан Еуропа клубтарын қабылдауға дайын ба деген сауал туындайтыны зандылық.

арналған арнайы орындардың әзірленуіне бағытталған. Оның сөзінше, Алматыда бір емес, төрт матч өтетіндіктен, «Кайрат» футбол клубы стадионды өз қаражаты есебінен ретке келтірген. Алматы қаласы спорт құрылыстары дирекциясы орындықтарды ауыстыру мен қалпына келтіру, аумақты абаттандыру жұмысы

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛТЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРЖОҚИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ерпақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
(8707) 675-42-14, (87172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
(8771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4646
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,